

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 159.9:378.091 (043)
Қолжазба құқында

САРБАСОВА ГУЛЬЗАТ ЖАКЕЕВНА

**Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен
психологиялық мазмұны**

6D050300 – Психология

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
психология ғылымдарының докторы,
профессор Мадалиева З.Б.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
психология ғылымдарының докторы,
профессор Конрад Решке
Лейпциг Университеті
(Германия).

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИКЕМДІЛІГІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1 Эмоционалды икемділік феноменінің зерттелуі мен қазіргі жағдайы.....	16
1.2 Эмоционалды икемділіктің құрылымдық-мазмұндық сипаттамасы.....	28
1.3 Психологтарды кәсіби даярлау процесінде эмоционалды икемділікті дамыту ерекшеліктері.....	38
Бірінші тарау бойынша қорытынды.....	49
2 БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИКЕМДІЛІГІН ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫ МЕН МОДЕЛІ	51
2.1 Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың психологиялық-педагогикалық талаптары.....	51
2.2 Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	55
2.3 Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың бағдарламасы	63
Екінші тарау бойынша қорытынды.....	77
3 БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИКЕМДІЛІКТІҢ ДАМУЫН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ	78
3.1 Эксперименттік зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу процедурасы....	78
3.2 Болашақ психологтардағы эмоционалды икемділіктің дамуының диагностикасы	81
3.3 ЖОО-да эмоционалды икемділікті дамыту бойынша эксперименттік жұмыстың нәтижелері.....	96
Үшінші тарау бойынша қорытынды.....	129
ҚОРЫТЫНДЫ	131
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	134
ҚОСЫМША А	146
ҚОСЫМША Ә	156
ҚОСЫМША Б	159
ҚОСЫМША В	161

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік құжаттар пайдаланылды:

- Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: 1-қосымша // жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 // 14.02.2022 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Қазақстан халқына Жолдау // 01.09.2022 жыл;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылғы 12 қазан, №726 // 14.02.2022;

- Қазақстан Республикасының «Білімі туралы» 5 Заңы: 2022 жылғы 11 маусымда қабылданды, № 917 (06.03.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

- ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: бекіту. 2019 жылғы 27 желтоқсан, №988.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Интеллект – адамның ақыл-ой қабілеттіліктерінің жиынтығы.

Икемділік - адамның қандай нәрсені болмасын орындай білу қабілеті

Көңіл – күй – ұзақ уақыт аралығына созылатын және адамның жалпы тонусын анықтап, айқын көзге түсе бермейтін эмоционалды қалып.

Құзыреттілік – алған білімдер мен біліктерді, іс-жүзінде күнделікті өмірде тәжірибе мен теориялық мәселелерді шешуде қолдана алу қабілеттілігі.

Мимика – адамның қабылдаған, елестеткен, ойлаған, еске түсірген жағдайларына деген қатынасын немесе қалпын көрсететін бет мүшелерінің қимыл – қозғалысы.

Рефлексия — адам санасының өзіне көңіл бөлуге және өзін өзі танып білуге деген қабілеттілігі.

Ұстамдылық – адамның өмірдің күрделі жағдайларында тыныштық сақтап, саналы да өлшемді әрекет жасай алу қабілеті.

Өзін-өзі реттеу – мақсатқа жету үшін ойларды, сезімдер мен әрекеттерді басқару қабілеті.

Экспрессия – сезімдердің сыртқы көрінулерінің мәнерлілігі мен күші (мимика, пантомимика, дауыс ырғағы және жесттар).

Эмоция – сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакция, қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй.

Эмоционалды күйлер (күй – stait) – субъектінің өмір сүру процесінде пайда болатын және ақпарат пен энергия алмасу деңгейін ғана емес, мінез-құлық бағытын да анықтайтын психикалық күйлер. Бұл көңіл-күйді, ішкі сезімдерді, қозғалыстарды, тілектерді, аффекттерді және эмоцияларды біріктіретін ұғым.

Эмоциялар – адам ағзасының жалпы қалпына және оның негізгі қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына байланысты пайда болатын күй кешулер.

Эмпатия – өзге адамның эмоционалды қалпын жете түсіне алу қабілеті. Эмпатияның болмауы аяусыз зорлық қылмыстардың жасалуының негізгі алғышарттарының бірі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЭИ	- эмоционалды интеллект
БДТІ	- бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет
ББМ	- білім беру мекемесі
ЖОО	- жоғары оқу орны
ОӘК	- оқу әдістемелік кешен
ББМ	- білім беру мекемесі
КЕАҚ	- коммерциялық емес акционерлік қоғам
МЖМБС	- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЕО	- эмоционалды хабардар болу
USE	- өз эмоцияларын басқару
SM	- өзіндік мотивация
Е	- эмпатия
UEDL	- басқа адамдардың эмоцияларын басқару
КР	- когнитивті қайта бағалау
РЕ	- экспрессияны басу
МР	- басқа адамдардың эмоцияларын түсіну
MU	- басқа адамдардың эмоцияларын басқару
VU	- өз эмоцияларын басқару
VE	- экспрессияны бақылау
VP	- өз эмоцияларын түсіну
MEI	- басқа адамдардың эмоцияларын түсіну, басқару
VEI	- өз эмоцияларыңызды түсіну және басқару
EP	- өзінің, басқалардың эмоцияларын түсіну қабілеті
UE	- өзінің, басқалардың эмоцияларын басқару қабілеті
OEI	- жалпы эмоционалды интеллект
F1	- позитивті қайта құру және жеке тұлғалық өсу
F2	- мәселеден ойша кету
F3	- эмоцияларға шоғырлану, олардың белсенді көрінісі
F4	- инструменталды әлеуметтік қолдауды пайдалану
F5	- белсенді жеңу
F6	- бас тарту
F7	- дінге жүгіну
F8	- әзіл
F9	- проблемадан кету
F10	- ұстамдылық
F11	- эмоционалды әлеуметтік қолдауды пайдалану
F12	- тыныштандырғыштарды қолдану
F13	- қабылдау
F14	- бәсекелес іс-әрекетті басу
F15	- жоспарлау

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Жоғары білім беру жүйесіндегі соңғы елеулі өзгерістер психологиялық мамандықтардың білікті түлектерін кәсіби даярлаудың жаңа міндеттерін айқындайды. Қазіргі әлем жылдам өзгеретін жағдайларға, стрестік жағдайларға және ақпараттың шамадан тыс жүктелуіне бейімделумен байланысты жоғары талаптармен сипатталады. Қоғам болашақ мамандардың кәсіби білімі мен біліктілігін ғана емес, сонымен қатар икемді дағдыларын дамытуға да жаңа талаптар қоюда. Бұл кезеңде еңбек нарығы кәсіби тәжірибесі бар, өзінің кәсіби ортасына түсінікті, онай бейімделетін және мобильді, қоршаған ортаның талаптарына икемді жауап беретін, өзін және басқа адамдарды, олардың сезімдерін, тәжірибесін және ниеттерін түсінуге қабілетті мамандарды талап етеді. Өртүрлі жағдайларда өз эмоцияларын реттемей және өз мінез-құлқымен қарым-қатынастағы әріптесінің эмоционалды күйін үйлестіре алмаса өзара тиімді іс-әрекет жасау мүмкін емес. Эмоционалды икемділік адамдарға осы қиындықтарды жеңуге көмектеседі, бұл психолог-мамандар үшін өзекті мәселе.

Соңғы уақытта қабылданған Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы кәсіптік білімді әлеуметтік цифрландыру және жоғары технологияларды дамыту шеңберінде кәсіби өсу мен икемділікке бағытталған жоғары білімді және жоғары білікті мамандарды даярлауға бағдарлайды [1].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлттың әлеуетін арттырудағы білім берудің шешуші рөлі және бүгінгі еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігі атап көрсетілген [2].

Дәл осындай идея қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру идеясына маңызды орын берілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының бағдарламасында да көрініс тапқан [3].

Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайында «психолог» маманына деген сұраныс әлеуметтік практиканың әртүрлі түрлерінде адам ресурстарын дамыту мен барынша пайдалануға байланысты әлеуметтік сұранысқа жауап болып табылады. Бүгінгі таңда саясат, білім беру, медицина және әлеуметтік саладағы көптеген күрделі мәселелерді терең теориялық дайындығы бар және практикалық іскерлігі мен дағдыларын еркін меңгерген психолог-мамандардың қатысуынсыз шешу мүмкін емес жағдайлар қазіргі қоғамда жиі кездеседі [4].

Соңғы екі онжылдықта Қазақстанда психологиялық білім беру түбегейлі өзгерді. Психология қоғамда сұранысқа ие болып, «бірегей», «экзотикалық» санаттарынан жаппай кәсіптер санатына көшті. Бұл біздің жоғары оқу орындарында кәсіби психологтарды даярлау жүйесіне тән қайшылықтар мен проблемаларды тудырады. Оларды талдау біздің елімізде жоғары

психологиялық білім беруді жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, психологтардың, әсіресе жаңадан бастаушылардың саны көбейгенімен кәсібилік деңгейлері артпай отыр. Жұмыс берушілер, психологиялық қызметтерді тұтынушылар психологтардың күрделі кәсіби міндеттерді шешуге дайын еместігі және қабілетсіздігі мәселесін үнемі көтеріп, психологтардың кемшіліктерін көрсетуде. Бүгінгі таңда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі алға қойған жоғары білім берудің тиімділігі мен сапа мәселесінің айтарлықтай бір бөлігі болып табылатын жоғары психологиялық білім беру сапасын арттыру қажеттілігі арасында қайшылықтар да орын алып отыр.

Жоғары психологиялық білім практикалық бағдарлауды жақсы іргелі даярлықпен үйлестіруі керек. Өйткені, қазіргі заманғы психологтың кәсіби қызметі қарқынды, күтпеген, біржақты емес және әртүрлі жағдайларда жүзеге асырылатындықтан, психолог жаңаша ойлау және әрекет ету қажеттілігі мен белгілі бір тұлғалық құрылымдардың жеткіліксіз қалыптасуы арасындағы карама-қайшылыққа байланысты мәселелерге тап болады. Бұл жерде, ең алдымен, эмоционалды икемділікті дамыту туралы сөз болып отыр. Адамның коммуникативті, икемді, өз пікірін айта алатындай еркін, басымдықтарды анықтай алатын және мақсатқа жетудің тиімді жолдарын таңдай алатын маңызды тұлғалық құзыретке айналады. Эмоционалды икемділік эмоцияны реттеудің негізгі аспектісі ретінде клиникалық, кеңес беру, білім беру және әлеуметтік сияқты психологияның түрлі салаларында жұмыс істейтін болашақ психологтар үшін сыни құзырет ретінде пайда болды.

Эмоционалды икемділік психологтарға өздерінің жеке эмоцияларын жақсырақ түсінуге және реттеуге мүмкіндік береді, бұл клиенттермен неғұрлым тиімді және эмпатикалық өзара әрекеттесуге ықпал етеді. Эмоционалды икемді мамандар әртүрлі жастағы мәдени және әлеуметтік топтағы клиенттермен табысты жұмыс істейді. Әлеуметтік жағдайларға бейімделу және әртүрлі адамдармен өзара қарым-қатынас жасау қабілеті психологтардың кәсіби мансабында маңызды рөлге ие. Психологтардың кәсіби тәжірибесінде бұл құзыретті дамыту кәсіби қызмет сапасын арттыруға көмектеседі, сондай-ақ қазіргі заманғы әлемнің күрделі жағдайларына сәтті бейімделуіне ықпал етуі мүмкін. Эмоционалды икемділік адамның өзгермелі эмоционалды жағдайларға бейімделуін, өзінің эмоцияларын басқару және түрлі жағдайларда дұрыс әрекет ету қабілетін білдіреді.

Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін зерттеу өте өзекті.

Эмоционалды икемділікті зерттеудің теориялық негіздерін салған ғалымдар, атап айтқанда, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Б.В. Зейгарник, К. Изард., В.К. Симонов., В.К. Вилюнас [5] және т.б., адам өміріндегі эмоциялардың рөлі туралы, ал ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында эмоционалды интеллект құрылымының пайда болуына байланысты Д. Карузо, Ж. Мейер, П. Селовей [6], Н. Холл [7], Р. Бар-Он [8], Д.Б. Люсин [9], И.Н. Андреева [10], М.А. Манойлова [11], эмоционалды құзыреттілік түсінігінің дамуына Д. Гоулман [12], К. Саарни [13], Р.Д. Робертс., Дж.

Меттьюз., М. Зайднер., Д.В. Люсин [14], Г.В. Юсупова [15], В.Э. Чудновский [16], В.А. Романов [17] және т.б. үлес қосты.

Кәсіби даярлықтағы эмоционалды икемділікті дамытудың түрлі аспектілерінің зерттелу дәрежесі келесі зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты: білім беру саласындағы, кәсіби қызметтегі эмоционалды икемділікті дамыту мәселесін зерттеудің теориялық негіздерінің дамуына ықпал еткен: Л.М. Митина, Е.С. Асмаковец [18], Е.М. Семенова [19], Н.Н. Колмогорцева, М.В. Наумова [20], С. Дэвид [21], Т. Холленштейн [22], К. Флеминг [23], С. Берштай [24] т.б.; психологтардың кәсіби даярлығы бойынша: В.Н.Карандашев [25], О.А. Сорокина [26], О.В. Москаленко [27], О.В. Полякова [28], Е.А. Климов [29], И.В. Вачков [30], А.Р. Ерментаева [31], Ж.И. Сардарова [32] және т.б. болды.

Қазақстандық ғалымдардың эмоционалды икемділік тақырыбы бойынша зерттеулері тар бағыттағы сипатқа ие және бұл феноменнің көбінесе, когнитивтік және реттеушілік аспектілерін қарастырады. Копинг-мінез-құлық стратегияларының, эмоционалды интеллект қабілеті мен құзыреттіліктің, стресске төзімділіктің, эмоционалды өзін-өзі реттеуінің әсерін талдайтын бірнеше еңбектерді бөліп көрсетуге болады, олар: А.М. Ким., Ж.К. Айдосова., Н.Н. Хон, Р. Абдуганиева [33], А.А. Толегенова [34], Г.Т. Ахметова [35], А.К. Мынбаева [36], С.К. Бердібаева, А.И. Гарбер [37], Н.С. Ахтаева [38], Н.Қ. Тоқсанбаева [39], А.Д. Оразымбетова [40], З.Б. Мадалиева, С.К. Кудайбергенова, З.М. Садвакасова, Г.А. Касен [41], Ж.Б. Ахметова [42] және т.б.

Эмоционалды икемділікті Е.С. Асмаковец [18] пен М.В. Наумова [20] диссертациялық жұмыстарында қарастырған.

Е.С. Асмаковец мұғалімдердің эмоционалды икемділігін зерттей келе, эмоционалды икемділік құрылымына эмоционалды тұрақтылықты және позитивті эмоционалды экспрессивтілікті кіргізген. М.В. Наумова болашақ педагог – психологтарға зерттеу жүргізу арқылы, эмоционалды икемділік - бұл өзінің және басқалардың эмоционалды күйлерін білу, эмпатия жағдайында өзінің және басқалардың эмоцияларын басқару қабілеті мен сыртқы экспрессивтілігінде көрінетін тұлға қасиеті деген анықтаманы берген.

Зерттеу тақырыбы бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау болашақ психологтардағы эмоционалды икемділіктің дамуының теориялық және практикалық маңыздылығы мен осы мәселенің қазіргі білім беру теориясы мен тәжірибесінде жеткіліксіз дамуы арасындағы келесі қарама-қайшылықтарды анықтады. Біріншіден, психологтарға қоғамның қоятын талаптарының артуы мен студенттерді кәсіби даярлауда эмоционалды икемділікті дамытудың мақсаттылығының жоқтығы арасында, екіншіден, эмоционалды икемділік пен оны болашақ психологтарда дамыту жолдарын зерттеу қажеттілігі мен осы құбылысты зерттеу үшін қажетті теориялық негіздердің жеткіліксіз әзірленуі арасында. Үшіншіден, болашақ студент-психологтардың эмоционалды икемділігін дамыту тұрғысынан жоғары оқу

орындарының бар мүмкіндіктері мен оның даму процесін ғылыми-әдістемелік камтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасында.

Соныменен, жоғарыда аталған қайшылықтар зерттеу мәселелерін анықтады. Зерттеу мәселесі болашақ психологтардың кәсіби дайындық кезеңінде эмоционалды икемділігін дамыту жолдарын табу болды. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл эмоционалды икемділіктің компоненттік құрамын анықтау, зерттеу және нақтылау мәселесі; практикалық тұрғыда – психолог-студенттердің эмоционалды икемділігін дамытуға бағытталған тиімді бағдарлама әзірлеу және ғылыми негіздеу мәселесі.

Зерттеудің өзектілігі және оның жоғары оқу орындарында жеткіліксіз дамуы зерттеу тақырыбын «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамыту талаптары және психологиялық мазмұны» деп таңдауға негіз болды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз зерттеу нысанын, пәнін, мақсатын, болжамы мен зерттеу міндеттерін анықтадық.

Ғылыми даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаға сәйкестілігі. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 3 мамырда, №118-VII (01.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен); Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: «Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына 1-қосымша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру»; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: бекіту. 2019 жылғы 27 желтоқсан, №988; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылғы 12 қазан, №726; «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан халқына Жолдау. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Қазақстан халқына Жолдау.

Зерттеу нысаны: болашақ психологтар.

Зерттеу пәні: болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың мазмұны мен талаптары.

Зерттеу жұмысының мақсаты: ЖОО-да болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің дамуын теориялық негіздеу және эксперименттік тексеру.

Зерттеудің болжамы: Егер, ЖОО-да оқу процесіне эмоционалды икемділікті дамытудың моделі мен кешенді бағдарламасы енгізіліп, психологиялық-педагогикалық талаптары анықталып және жүзеге асырылса, психологтың өзгермелі жағдайларға оңтайлы бейімделуіне мүмкіндік беретін интегративті тұлғалық қабілеті ретінде болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамыту мүмкін болады.

Зерттеудің мақсаты мен болжамына сәйкес келесі міндеттер қойылды:

1. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін зерттеуге арналған психологиядағы бағыттарды талдау;

2. Ғылыми-психологиялық әдебиеттерді талдау негізінде болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің мәнін, мазмұнын, құрылымын ашу;

3. Болашақ психологтардағы эмоционалды икемділікті дамыту талаптарын анықтау және оның дамуының құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну;

4. ЖОО-дағы болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен кешенді бағдарламасын әзірлеу, апробациядан өткізу және енгізу;

5. ЖОО-дағы болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамыту бойынша әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделі мен кешенді бағдарламасының тиімділігіне эксперименттік сынақ жүргізу.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі: жүйелік бағыт – болашақ психологтың эмоционалды икемділігін дамытуға сәйкес оның жұмыс істеуі үшін қажетті компоненттерді және олардың өзара байланыстарын қамтитын жүйе ретінде қарастырылады (В.С. Леднев және т.б.); құзіреттілікке негізделген бағыт (А.К. Маркова, С.Л. Троянская., В.А. Бодров., В.А. Болотов, В.В. Сериков және т.б.); педагогикалық процесте тұлғаны дамыту мақсатының басымдылығын көрсететін тұлғалық-іс-әрекеттік бағыт (В.В. Давыдов, И.А. Зимняя т.б.); тұтастық бағыт (В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов); эмоционалды икемділік теориясы С. Дэвид, Л.М. Митина, Е.М. Семенова және т.б.; эмоционалды интеллект және құзіреттілік теорияларын Н. Холл, Д.В. Люсин, Д. Гоулман, Г.В. Юсупова және т.б. Жұмыстың мазмұны белсенді әлеуметтік-психологиялық оқытудың негізгі принциптері мен әдістеріне (Л.А. Петровская, В.Ю. Большаков, Ю.Н. Емельянов) және бірлескен танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру принциптеріне (В.Я. Ляудис, В.В. Рубцов, С.М. Джакупов) негізделеді.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау; жоғары оқу орындарындағы білім беру процесін реттейтін заңнамалық және нормативтік құжаттарды талдау; модельдеу; психологиялық-педагогикалық тәжірибені талдау және жалпылау; эксперимент; диагностикалық әдістер: бақылау, әңгімелесу, анкета жүргізу, Н. Холлдың «Эмоционалды интеллект» әдістемесі; Д.В. Люсиннің «Эмин» эмоционалды интеллект сауалнамасы; Дж. Гросс ұсынған ERQ сауалнамасы; К. Карвер, М. Шейер және Дж. Вейнтраубтың COPE сауалнамасы (Т.О. Гордеев, Е.Н. Осин, Е.А. Рассказова, О.А. Сычев, В.Ю. Шевяхова бейімдеген), «Психологтың эмоционалды икемділігі» курсы бағалау» анкетасы; статистикалық әдістер: сипаттамалық статистика (Колмогоров-Смирновтың қалыпты таралу критерийі). Кайзер бойынша қалыпқа келтірумен Varimax айналуымен негізгі компоненттер әдісін қолдану арқылы факторлық талдау; Крускал-Уоллистің H-критерийі, Манна-Уитни, Вилкоксон және т.б. бойынша критерийлерді талдау. Алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу

үшін «SPSS 23.0» нұсқасындағы «Statistical Package for the Social Science» статистикалық бағдарламалық пакеті пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеудің **ғылыми жаңалығы** келесідей:

1. Психологиялық феномен ретінде эмоционалды икемділікті зерттеудің қалыптасуы мен қазіргі жағдайы талданды;

2. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің мәні, мазмұны, құрылымы ашылды. Эмоционалды икемділіктің құрылымы когнитивті, реттеуші, мінез-құлық компоненттерінен тұрады;

3. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды және дамыту талаптары анықталды. Маңызды талаптарына студент-психологтардың қызығушылығы, ішкі мотивациясы, оқу-танымдық іс-әрекетті кәсіби іс-әрекетке айналдыру негізінде студент психологтың өз бетінше кәсіптік іс-әрекетіне дәйекті, үздіксіз және жүйелі жақындауы; психоэмоционалды күйінің рефлексиясы жатады;

4. Жоғары оқу орнындағы болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен кешенді бағдарламасы әзірленді және енгізілді. Эмоционалды икемділікті дамыту бағдарламасы «Психологтардың эмоционалды икемділігі» арнайы курсы мен «Эмоционалды икемділікті дамыту» тренингін қамтиды;

5. ЖОО-дағы болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әзірленген кешенді бағдарламасының тиімділігі эксперименттік жолмен тексерілді және статистикалық дәлелденді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: бұл қазіргі психологиядағы эмоционалды икемділік туралы бар идеяларды кеңейту болып табылады. Өзгермелі жағдайларға жылдам бейімделуге, сонымен қатар, өмірлік және кәсіби мәселелердің кең ауқымын сәтті және тиімді шешуге мүмкіндік беретін интегративті тұлғалық білім ретіндегі болашақ психологтардың эмоционалды икемділігі бүтін құрылымдық білім ретінде алғаш рет эксперименттік зерттеудің пәні болды. «Эмоционалды икемділік» ұғымдарының мазмұны нақтыланды және оның құрылымдық компоненттері туралы жаңа түсінікпен толықтырылды, эмоционалды икемділіктің дамуының талаптары мен факторлары ашылды, бұл оның жұмысының тиімділігін арттыруды анықтайды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: алынған нәтижелер эмоционалды икемділік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, себебі, зерттелетін қасиетті дамытуға бағытталған құрылымдық-мазмұндық моделі мен кешенді бағдарлама жүзеге асырылды. Зерттеу материалдары «Педагогикалық психология», «Мамандыққа кіріспе», «Әлеуметтік-психологиялық тренинг» пәндерінің дәріс және практикалық сабақтарын жоспарлауда және дайындауда, сондай-ақ болашақ психологтардың кәсіби қалыптасуына бағытталған тренинг бағдарламаларын жасауда пайдалануға болады. Ұсынылған «Психологтың эмоционалды икемділігі» арнайы курсы, психологиялық тренингтің бағдарламасы білім беру саласындағы психологтарды кәсіби даярлау

процесінде олардың эмоционалды икемділігін дамытудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Зерттеудің теориялық-әдістемелік талдауы келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді: эмоционалды икемділік психикалық бейнелеудің интегративті және тұтастық сипатына сәйкес келеді. Бұл - басқа адамдардың және өзінің күйлері мен сезімдерін білуді, қабылдауды және реттеуді қамтамасыз ететін, әрекет өнімділігінің деңгейіне, тұлғааралық өзара әрекеттестіктің табыстылығына және тұлғаның жеке дамуын қамтамасыз ететін эмоционалды, коммуникативтік, реттеуші жеке қасиеттер мен қабілеттердің жиынтығы. Бұл эмоционалды-әлеуметтік аймақта жинақталған тәжірибенің бір түрі.

2. Эмоционалды икемділік ұғымының психологиялық мазмұны психологтың өзгермелі ортаға оңтайлы бейімделуіне мүмкіндік беретін, өз эмоциялары мен айналасындағылардың эмоцияларын түсіну және басқару арқылы стрестік жағдайларда эмоционалды өзін-өзі реттеу және эмоционалды-мінез-құлықты реттеу қабілеттерінің жиынтығын көрсететін, жоо-да білім беру процесінде дамушы болашақ психолог тұлғасының интегративті қабілеті ретінде эмоционалды икемділік ұғымының психологиялық мазмұны ашылды. Эмоционалды икемділік когнитивтік, реттеуші және мінез-құлық компоненттерін қамтиды.

3. Психолог студенттердің эмоционалды икемділігін дамыту процесі оқу-кәсіптік қызметте құрылымдық-мазмұндық модель мен кешенді бағдарламаны іске асырумен қамтамасыз етіледі, психолог студенттердің эмоционалды икемділігін дамыту психологиялық-педагогикалық талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады: студенттердің қатысуы, қызығушылығы, ішкі мотивациясы, эмоционалды икемділікті дамыту процесінде студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, эмоционалды икемділікті дамыту процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, қолайлы психологиялық климатты құру, барлық білім беру субъектілері арасындағы сенім; арнайы курс аясында студенттерді ақпараттандыру; тренингтік жаттығулар кешенін логикалық бірізділікпен енгізу; оқу-танымдық іс-әрекетті кәсіби іс-әрекетке айналдыру негізінде студент психологтың өз бетінше кәсіптік іс-әрекетіне дәйекті, үздіксіз және жүйелі жақындауы; психоэмоционалды күйінің рефлексиясы; студенттердің эмоционалды икемділігі туралы қажеттіліктері мен түсініктері.

4. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсатты блокты (эмоционалды икемділікті дамыту); теориялық-әдіснамалық блокты (әдіснамалық тәсілдер мен принциптер; эмоционалды икемділікті дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары); ұйымдастырушылық-құрылымдық блокты (эмоционалды икемділікті дамыту бойынша қызметтің кезеңдері мен формалары); диагностикалық-дамытушы блокты (құралдар, формалар, әдістер); нәтижелік блокты (эмоционалды икемділікті меңгерген болашақ психолог) қамтиды. Эмоционалды икемділікті дамытудың кешенді бағдарламасы

«Психологтардың эмоционалды икемділігі» арнайы курс пен «Эмоционалды икемділікті дамыту» психологиялық тренингін қамтиды.

5. Университеттің білім беру жүйесінде болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың кешенді бағдарламасы «Психологтың эмоционалды икемділігі» арнайы курсы оқуды және «Эмоционалды икемділікті дамыту» тренингінен өтуді қамтиды. Бағдарламаны әзірлеу үшін теориялық негіз ретінде: әдіснамалық деңгейде – жүйелік және тұтастық бағыт, теориялық деңгейде - құзыреттілік және рефлексивтік бағыт, ғылыми-әдіснамалық деңгейде - тұлғалық-іс-әрекеттік бағыттарды атап айтса болады. Бағдарламаның мақсатты бағдарлары эмоционалды икемділіктің анықталған құрылымдық компоненттерімен, оның қалыптасу көрсеткіштерімен анықталды.

Әзірленген модель мен кешенді бағдарламаның тиімділігі математикалық статистика әдістерімен дәлелденді.

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігі бастапқы әдіснамалық және теориялық ұстанымдарға; зерттеуде қойылған міндеттерге сәйкес келетін теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерінің кешенін қолдануға; зерттеу логикасының ішкі үйлесімділігі мен жүйелілігіне; эксперименттік түрде алынған нәтижелерді математикалық статистика әдістерімен өңделуіне; зерттеу болжамының оның нәтижелерімен расталуына негізделеді.

Зерттеу кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2019-2020 жж.) шетелдік және қазақстандық авторлардың зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасалды, зерттеудің ғылыми- тұжырымдамалық аппараты анықталды; зерттеу мәселесінің қазіргі жағдайы зерттелді; ЖОО-дағы психолог студенттердің эмоционалды икемділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі ғылыми негізделіп, әзірленді; студенттердің эмоционалды икемділігін дамытуды диагностикалау әдістемелері іріктелді.

Екінші кезеңде (2020-2021 жж) эксперименттік жұмыстың мазмұны анықталып, дамудың құрылымдық-мазмұндық модель жүзеге асырылды және болашақ психолог студенттердің эмоционалды икемділігін дамытудың кешенді бағдарламасы құрастырылып, таңдаулар анықталды, эксперимент жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2021-2023 жж) психолог студенттердің эмоционалды икемділігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен бағдарламасының тиімділігіне талдау мен математикалық өңдеу жүргізілді, алынған нәтижелер жалпыланды және жүйеленді, қорытындылар жасалды, зерттеу нәтижесінде алынған материалдар диссертациялық жұмыс түрінде рәсімделді.

Зерттеудің тәжірибелік базасы және сыналушылардың сипаттамасы. «Alikhan Bokeikhan University» ББМ мен «Шәкәрім атындағы Университеті» КЕ АҚ. «6B03115 Психология» білім беру бағдарламасының 192 студенті қатысты.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми қоғамдастықтың назарына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми семинарларында автордың баяндамалары ретінде ұсынылды, «Alikhan Bokeikhan University» ББ, халықаралық және өңірлік ғылыми конференцияларда оң баға алды. Зерттеу тақырыбы бойынша 11 мақала

жарияланды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда – 4; халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтарында – 6; Scopus ғылыми журналдарының халықаралық деректер базасына енгізілген шетелдік басылымдарда 1 мақала жарияланды (CiteScore рейтингі 74 процентиль).

Диссертацияның негізгі идеялары келесі басылымдарда көрсетілген:

1. Sarbassova Gulzat, Kudaibergenova Aliya, Madaliyeva Zabira, Kassen Gulmira, Sadvakassova Zukhra, Ramazanova Samal, Ryskulova Madina. Diagnostics of psychological flexibility and the ability to cope with the inevitable changes among psychology students // Current Psychology. – DOI 10.1007/s12144-023-04712-z. Green Open Access, 2023.

2. Мадалиева З.Б., Сарбасова Г.Ж. Эмоционалды икемділік және оны болашақ психологтарда дамыту // Академик Т.Т. Тәжібаевтың XVIII-оқулары шеңберіндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы контексіндегі қазіргі таңдағы психологиялық ғылым мен тәжірибе» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2018. – 70-72 б.

3. Сарбасова Г.Ж. Студент-психологтардың эмоционалды ұстамдылығы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. «Психология және әлеуметтану» сериясы. – Алматы, 2017. – № 4 (63). – 14-21 б.

4. Сарбасова Г.Ж. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділіктері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы. «Психология» сериясы. – Алматы, 2019. – № 1(58). – 27-35 б.

5. Сарбасова Г.Ж., Решке Х.К. Психологтардың эмоционалды аймағын психологиялық талдау // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. «Психология және әлеуметтану» сериясы. – Алматы, 2019. – № 2 (69). – 271-280 б.

6. Турсунгожинова Г.С., Сарбасова Г.Ж., Бейсембаева Ж.М. Болашақ психологтардың эмоционалды интеллект ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы. «Психология» сериясы. – Алматы, 2020. - №2(63). – 201-206 б.

7. Сарбасова Г.Ж., Шакиртова М.С. Болашақ психологтардың эмоционалды ұстамдылығына психологиялық талдау // «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы «Ғылым және білім – 2020» атты III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 276-280 б.

8. Сарбасова Г.Ж., Қалыбекова М.Қ. Болашақ педагог-психологтардың эмоционалды икемді болу мәселелері // «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Стресс-менеджмент: стресті басқару теориясы және практикасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2019. – 207-210 б.

9. Сарбасова Г.Ж. Болашақ психолог қызметіндегі эмоцияның рөлі // «Заманауи әлемдегі психология: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру контексіндегі теориялық және қолданбалы зерттеулер» атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ психология бөлімі ашылуының жылдығына арналған

Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция Материалдары. – Алматы, 2018. – 286-289 б.

10. Сарбасова Г.Ж. Психологические особенности эмпатии у студентов-психологов // Материалы международной научно-практической конференции «Высшая школа: традиции и инновации». Т. 1. – Семей, 2018. – С.107-112.

11. Сарбасова Г., Жапарова Г.С., Азизова А.Ф. Студент психологтардың эмоционалды интеллектілерін психологиялық талдау // Профессор С.М. Жақыповтың 70 жылдығына арналған «Отандық және әлемдік психологияның жай-күйі және даму перспективалары» халқаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2020. – 350-352 б.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, 149 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияда 26 кесте, 22 сурет берілген және қосымшалармен толықтырылған.

1 БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИКЕМДІЛІГІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Эмоционалды икемділік феноменінің зерттелуі мен қазіргі жағдайы

Бұл бөлімде эмоционалды икемділік психологиялық тұрғыда қалыптасуы мен қазіргі жағдайын қарастырамыз. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде эмоционалды икемділік психологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қарастырылған. Эмоционалды икемділікке арналған зерттеулер салыстырмалы түрде жақында пайда болды, сондықтан оның шығу тегі, мәні, мазмұны, функциялық маңызы әлі жеткілікті теориялық және эмпирикалық негіздемеге ие емес, бұл оны әрі қарай зерттеу қажеттілігін тудырады.

Айта кету керек, эмоционалды икемділікті зерттеудің теориялық негіздерін Д. Карузо, Дж. Мейер, П. Селовей сияқты ғалымдар ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында эмоция түсінігінің қарқынды дамуында эмоционалды интеллект құрылымының пайда болуына байланысты оның сипатын, бақылау қабілеттеріндегі жеке айырмашылықтарын зерттеуде көрсеткен [6].

«Эмоционалды интеллект» терминінің пайда болуы өз сезімдерін түсіну, өз эмоцияларын реттеу, басқа адамдардың эмоционалды күйлерін түсіну және т.б. психикалық қасиеттердің ерекше кешенін ХХ ғасырдың басында Л.С. Выготский атап өтіп, аффект пен интеллект бірлігі туралы идеяларын көрсетіп байланыстарған.

Ойлау мен эмоциялардың байланысы С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Б.В. Зейгарник және т.б. ғалымдардың концепцияларында көрініс тапты. Ғалымдар аффект пен интеллекттің байланысы туралы, ойлауды тудыратын эмоциялар қозғаушы мотивтер ретінде, танымдық процестердегі эмоциялардың рөлі туралы айтты. Біздің зерттеулеріміз үшін, интеллектуалды процестердің эмоционалды процестерден бөлінбейтіндігі туралы көзқарастарды зерттеу аса маңызды, мұны Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн атап өтті, сонымен қатар эмоционалды интеллекті ерекше, жеке құрылым ретінде бөлу эмоциялардың танымдағы, адамдардың кәсіби қызметіндегі рөлін зерттеуге қызмет етеді.

Бүгінгі күні эмоциялар құрылымына субъективті компонентті адамның күйінің көрінісі ғана емес, сонымен қатар танымдық компоненті - эмоцияларды бастан кешіретін адамның қажеттіліктері, мақсаттары мен мотивтері үшін белгілі бір маңызы бар объектілер мен құбылыстардың көрінісі кіретіні жалпыға ортақ. Осыдан эмоциялардың қосарланған шарттылығы шығады: бір жағынан, адамның эмоциялар объектісіне деген көзқарасын анықтайтын қажеттіліктері, екінші жағынан, оның осы объектінің белгілі бір қасиеттерін бейнелеу және түсіну қабілеті.

Психологияда ұзақ уақыт бойы адамның эмоционалды процестері танымдық процестерге қарағанда айтарлықтай аз қарқынды зерттелді. Атап айтқанда, Л.С. Выготский «адамдарда эмоция инстинкттер патшалығынан оқшауланып, мүлдем жаңа психикалық салаға ауысады»деп жазды [43, б.149].

Біз үшін бұл позиция ерекше маңызды, өйткені эмоциялар дамиды және белгілі бір жолмен жұмыс істейді деп сенуге негіз береді. Автор эмоциялар мен сезімдерді психологиялық зерттеуде өзіндік ерекше көзқарасты дамытты. Ол психологияның негізгі сұрақтарының бірі ретінде «интеллект пен аффект арасындағы байланыс туралы мәселені» қарастырды. Л.С. Выготский барлық дәстүрлі психологияның негізгі кемшіліктерінің бірі, біздің санамыздың интеллектуалды жағын оның аффективті, ерік-жігерлі жағынан ажыратты.

«Интеллект пен аффект» мәселесі С.Л. Рубинштейннің еңбектерінде қарқынды қарастырылды [44]. Қызметті реттеуге субъективті тәжірибелердің қажеттілігі мен белсенді қатысуы туралы жалпы ережені дамыта отырып, С.Л. Рубинштейн эмоциялар қажеттіліктердің (мотивацияның) болуының субъективті формасы деп тұжырымдады.

Осы ережені В.К. Виллюнас былай деп жазды: «бұл дегеніміз, мотивация субъектіге эмоционалды құбылыстар түрінде ашылады, бұл оған объектілердің қажеттілігі туралы сигнал береді және оларды іс-әрекеттерді бағыттауға итермелейді. Эмоциялар мен мотивациялық процестер бір-бірімен анықталмайды: мотивацияның субъективті формасы бола отырып, тек эмоционалды тәжірибелер қорытынды болып табылады, эмоционалды бағалау мен мотивацияның пайда болуын дайындайтын және анықтайтын барлық процестерді көрсетпейтін оның өмір сүруінің тиімді формасы» [45. б.110].

С.Л. Рубинштейн эмоционалды процестерді тәжірибе ретінде түсіндіреді. С.Л. Рубинштейннің айтуы бойынша, аффекттер-бұл жарылғыш сипаттағы тез жүретін эмоционалды процесс, ол саналы ерікті бақылауға бағынбайтын іс-әрекетті босатуға мүмкіндік береді; құмарлық-тұрақты, қарқынды сезім, бірақ ұйымдастырылмаған мінез-құлық; көңіл-күй-эмоционалды процесс ұзақ, әлсіз қарқындылық, жеке, бірақ объективті емес [44, б. 481].

Когнитивті және эмоционалды процестердің бірлігі туралы идея оның барлық жұмыстарында қарастырылған. Автор объектіні субъект ретінде көрсетудің біртұтас әрекетін психикалық нақты бірлік деп санайды. Бұл рефлексия өте күрделі, екі қарама - қарсы компоненттердің бірлігін қамтиды: білім мен қатынас, интеллектуалды және аффективті. Олардың біреуі де, екіншісі де басым болады. Осы идеяны жүзеге асыра отырып, С.Л. Рубинштейннің шығарған мына қорытындысы, біздің зерттеуіміз үшін маңызды орынды алып отыр, олар: «эмоцияның өзі-эмоционалды және интеллектуалды бірлік», бұл тұтас рефлексия актісі «...әрқашан белгілі бір дәрежеде екі қарама - қарсы компоненттің бірлігін қамтиды - білім мен қатынас, интеллектуалды және аффективті, олардың біреуі де, екіншісі де басымырақ болатынын көрсетеді [44, б. 264].

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, эмоционалды құбылыстарды қызмет жүйесінде қарастыру керек: «эмоциялар қызметті өзіне бағындырмайды», бірақ оның реттеушісі және «қозғалыс механизмі» болып табылады. Эмоциялардың ерекшелігі-олар мотивтер (қажеттіліктер) мен субъектінің оларға жауап беретін іс-әрекетінің сәттілігі немесе мүмкіндігі арасындағы қатынасты көрсетеді. Бұл жағдайда біз бұл қатынастардың рефлексиясы туралы емес, олардың тікелей

сезімтал көрінісі, тәжірибесі туралы айтып отырмыз. Эмоциялардың көрінісі мен реттелу проблемасына қатысты біз автордың еңбектерінде эмоциялар психикалық күйлер ретінде субъектіге ашылатын әлем бейнесіне енгізілгенін, яғни эмоциялар субъектінің санасында көрсетілгенін анықтаймыз [46]. А.Н. Леонтьев «эмоциялардың функциялары субъектіні нақты дерекөзіне бағыттаудан тұрады, бұл эмоциялар болмыстың жеке мағынасын, оның өмірінде болатын оқиғаларын білдіреді» деп есептеді [46, б. 104].

А.Н. Леонтьев эмоцияларды «іс-әрекеттің ішкі реттеу процестерінің кең класы» ретінде анықтайды және оларға мыналарды жатқызды: аффектер - күшті, салыстырмалы түрде қысқа эмоционалды тәжірибелер, айқын моторлы және висцеральды көріністермен бірге жүреді; шын мәнінде, эмоциялар ұзақ мерзімді күйлер болып табылады, кейде тек сыртқы мінез - құлықта әлсіз көрінеді, ситуациялық сипатқа ие; сезімдер-объективті сипаттағы эмоциялар [46].

Автор іс-әрекет жүйесіндегі эмоциялар мен сезімдер туралы мәселені: «эмоциялар қызметті өзіне бағындырмайды, бірақ оның нәтижесі және оның қозғалысының «механизмі» болып табылады деп қарастырды [46, б. 97].

Осымен қатар эмоциялардың қызметі туралы белгілі бір ұстаным айтылады: «эмоциялар ішкі сигналдардың функциясын орындайды, өйткені олар объективті шындықтың психикалық көрінісі емес. Эмоциялардың ерекшелігі-олар мотивтер (қажеттіліктер) мен сәттілік немесе субъектінің іс-әрекетіне жауап беретін табысты іске асыру мүмкіндігі арасындағы байланысты көрсетеді. Бұл жағдайда қарым-қатынастың рефлекстері туралы емес, олардың тікелей сезімтал көрінісі, тәжірибесі туралы айтылып отыр» [46, б. 198]. Эмоциялардың пайда болу аспектісінде «эмоциялар іс-әрекетке сәйкес келеді және оны жүзеге асыратын әрекеттер немесе операциялар емес» [46, б. 130]. А.Н. Леонтьев мотивтерді түсіне алмауы кезде де, олар әлі де ерекше формада - іс-әрекеттің эмоционалды бояуы түрінде көрінетінін атап өтті.

Эмоциялар ішкі сигналдардың рөлін атқарады. Олар ішкі болып табылады, өйткені олар өздері сыртқы объектілер туралы, олардың байланыстары мен қатынастары туралы, субъектінің қызметі жүретін объективті жағдайлар туралы ақпарат бермейді. Эмоциялардың ерекшелігі-олар А.Н. Леонтьевтің мотивтері мен осы мотивтерге жауап беретін іс-әрекетін жүзеге асыру арасындағы қатынастарды тікелей көрсетеді.

Эмоционалды интеллект туралы идеяларды кейінірек Д. Гоулман толықтырады, бұл тұжырымдаманы ол өзінің эмоцияларын басқару қабілетімен, өзін-өзі ынталандыру қабілетімен және «сәтсіздіктерге қарамастан» мақсатқа табандылықпен бару қабілетімен байланыстырады.

Д. Гоулманның еңбектерінде алғаш рет эмоционалды құзыреттілік ұғымы пайда болды. Оның пікірінше «эмоционалды құзыреттілік – бұл өз сезімдерін, сондай-ақ басқалардың сезімдерін сезіну және тану, өзін-өзі ынталандыру, басқаларға қатысты өз ішіндегі эмоцияларды басқаруға қабілеттілігі». Д. Гоулман эмоционалды құзыреттілік «байланыс» және «эмоционалды

интеллекте» негізделген деп айтты. Эмоционалды құзыреттілікті дамыту үшін эмоционалды интеллектің белгілі бір деңгейі қажет [12].

Эмоциялардың рөлін талдай отырып, Д. Гоулман: «Homo sapiens атауының өзі-ақылға қонымды адам, ойшыл адам-қазіргі ғылым қабылдаған адам өміріндегі эмоциялардың рөлін жаңа бағалау аясында жаңылыстырады» дейді. Ал бұдан да қатаң ол: «эмоциялар басым болған кезде интеллект күшсіз болады». Ол «барлық эмоциялар, шын мәнінде, ақыл-ой әрекетін ынталандырудан басқа ештеңе емес» деп атап өтті. Сонымен қатар, Д. Гоулман Пол Экманның зерттеуін қарастыра келе, өркениет ересектерге із қалдырады деген тұжырымын келтірген, сондықтан олардың мінез - құлқы «көбінесе табиғи заңдылықтарына қайшы келеді: олардың эмоциялары – іс-әрекеттің негізгі ынталандырулары, бірақ іс-әрекеттің өзінен алшақтайды» деген [12].

Н. Холлдың эмоционалды интеллект теориясы пайда болады. Ғалым эмоционалды салада ұсынылуы мүмкін жеке қатынастарды түсінудің негізгі мүмкіндіктерін, сондай-ақ шешім қабылдау негізінде эмоцияларды басқару қабілетін анықтау үшін әдістемені ұсынды. Холл тесті эмоционалды интеллект деңгейін бірден бірнеше аспектілер бойынша анықтауға мүмкіндік береді: эмоционалды хабардар болу, эмоцияларыңызды басқару, өзін-өзі ынталандыру, эмпатия [7].

Эмоционалды интеллектің когнитивті емес теориясын Р.Бар-Он ұсынған. Оның көзқарасы бойынша, эмоционалды интеллект - бұл «қоршаған ортаның талаптары мен қысымын тиімді жеңу қабілетіне әсер ететін көптеген когнитивті емес қабілеттер мен дағдылар» ол тұлғааралық және тұлғаішілік эмоционалды интеллекті бөліп көрсетеді және өзінің EQ-і сауалнамасына (Bar-on Emotional Quotient Inventory) бейімделу, стресті басқару және жалпы көңіл-күйді қамтитын шкалалар енгізді [8].

Егер біз олардың эмоционалды интеллект ұғымына көзқарастарын жалпылайтын болсақ, онда бұл құбылыс адамның эмоцияларда бейнеленген жеке қатынастарды түсіну және шешім қабылдау негізінде эмоционалды саланы басқару қабілетін, яғни эмоцияларын түсіну және басқару және басқаларға әсер ету қабілетін көрсетеді.

Талданып отырған феноменге қазақстандық және ресей ғалымдары қызығушылық танытты және өз тұжырымдарын жасады.

Г.Т. Ахметова, Г.Т. Балакаев, С.Ж. Зейнолланың көзқарастары бойынша эмоционалды интеллект – бұл білім беру сапасын жақсартуға көмектесетін маңызды және тиімді құрал. Сондай-ақ осы мәселені жан-жақты қарастыруда нақты көзқарастардың қажеттілігінен, студенттердің эмоционалды интеллектісін оқытушының жоғары эмоционалды интеллектісінсіз дамытуға болмайды, егер жоо жетекшісінің эмоционалды интеллектісі жоғары немесе даму үстінде болса, онда осы мәселеге қатысты кешенді тұрғыдан қарауды қажетсінетін фактіні ескеру керек. Бұл барлық буындары маңызды, өзара байланысқан құрылымдар: яғни, білім беру ортасында эмоционалды интеллектіні дамыту қажеттілігіне негізі болып табылатын, тұлғалық

жетістіктердің өзара байланысы, адамның жетістігі, оның табыстары мен эмоционалды интеллектісі [35].

А.Д. Оразымбетова және тағы басқалары ЭИ модельдерінің компоненттеріне талдау жасаған. Эмоционалды интеллектінің классикалық модельдері адамдардың жеке эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын қалай сәйкестендіруіне, түсінуге, білдіруге, реттеуге және қолдануға қатысты жеке айырмашылықтарды зерттеудің ғылыми негізін қамтамасыз етуді қарастырған [40].

Қазіргі таңда елімізде психологиялық бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулер жиі кездеседі, әр зерттеу мәселесі өзіндік жаңалығымен ерекшеленіп, ғылыми жаңалықтарын айқын көрсетуде. Осы бағытта психофизиологиялық тұрғыда зерттеу жүргізген А.А. Төлегенованың еңбегін атап өтуге болады. Бұл зерттеуде адамның эмоционалды жеке ерекшеліктері психофизиологиялық тұрғыда қарастырылып анықталды, зерттеудің ерекшелігі адамның іс-әрекеті, әлеуметтік бейімделу жағдайында стрестік жағдайларды жеңудегі эмоционалды интеллектінің маңыздылығын көрсетті [34].

А.Р. Альгожина және т.б. тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттері арасында стресске төзімділік пен эмоционалды интеллект ерекше орын алады. Эмоционалды интеллектісі жоғары мамандар өздерін табысты тұлғалар ретінде бағалайды, олардың дезадаптацияға деген тұрақтылығы жоғары болады деп санайды [47].

А.К. Мыңбаева, А.А. Гуменова оқушылардың эмоционалды интеллектісін арт-терапия құралдарымен дамыту бойынша тренингтік сабақтардың авторлық бағдарламасын ұсынды. Олар эмоционалды интеллект және арт-терапия теорияларын талдау негізінде эмоционалды интеллектің 3 компонентін бөліп көрсетті: мотивациялық, когнитивтік, эмоционалды-технологиялық. Эмоционалды интеллект дамуының мынадай қағидаттары ұсынылды: сезімталдық, өзіндік сезімталдық, «осында және қазір», жайлылық аймағынан шығу, тұрақты кері байланыс [36].

Ж.К. Айдосова, А.М. Ким т.б. эмоционалды интеллект пен денсаулық мәселелері арасындағы өзара байланысты растауға мүмкіндік алды. Олар стрестік жағдайда өздерінің және басқа адамдардың эмоцияларын жақсы түсінетін және стресс жағдайында оларды қалай басқару керектігін білетін адамдар мәселеге бағдарланған копинг-стратегияны жиі қолданатынын және стресс, депрессия, мазасыздық пен соматизация сияқты стрестің жағымсыз салдарына аз сезімтал екенін атап көрсетеді де, керісінше, төмен ұпай жинаған адамдар эмоционалды интеллект шкалаларына сәйкес, депрессия мен соматизацияға көбірек бейім, өйткені стрестік жағдайларда ештеңе жасамауды немесе өзін-өзі тыныштандыруды қалайды (әлеуметтік қолдау іздеу, шағымдар мен көз жасы және т.б.), сондай-ақ стресс көздері өзекті болып қала береді [33].

Н.Қ. Тоқсанбаева., С.П. Садуова., А.А. Төлегенова өз еңбектерінде эмоционалды интеллектіні қарастыра отырып, ондағы жеке тұлға бойындағы қасиеттерді және ортада тиімді қарым-қатынас құруындағы қабілеттерін, өзін-

өзі ұстай білуін, өзара әрекеттесудегі сауатты үлгісін тұжырымдай келе, оны эмоционалды күйіне икемделу деп сипаттаған [39].

Д.Б. Ахметова., А.М. Ким., А.Т. Садыкова., Д. Харниш эмоционалды интеллект пен жоғары оқу орындарында оқытудың өзара байланысын зерттеуді күзіреттілік тұрғыдағы призмалары арқылы жүзеге асырылу тиіс деп есептейді. Эмоционалды интеллект және басқа компоненттерді белсенді қолдану кәсіби және педагогикалық сапаларды, күзіреттілікті дамытуға, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіруге және жүйені тұтас жүзеге асыруға негізделеді [42].

Д.В. Люсин өзінің эмоционалды интеллект моделін жасады. Ол осы интеллекттің екі негізгі моделін ажыратады, олардың негізінде оны зерттеу әдістерін ұсынады. Эмоционалды интеллектті ғалым өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну және басқару қабілеті ретінде қарастырады. Эмоцияларды түсіну қабілеті адамның эмоцияны тани алатындығында, өз бойында немесе басқа адамда эмоционалды тәжірибенің бар екендігін анықтай алатындығында көрінеді; ол эмоцияны анықтайды, яғни өзінің немесе басқа адам қандай эмоцияны сезінетінін анықтайды және оған ауызша көрініс таба алады; берілген эмоцияны тудырған себептерді және оның салдарын түсінеді. Эмоцияны басқару қабілеті адамның эмоциялардың қарқындылығын басқара алатындығында, ең алдымен шамадан тыс күшті эмоцияларды өшіре алатындығынан көрінеді және эмоциялардың сыртқы көрінісін басқара алады; қажет болған жағдайда белгілі бір эмоцияны ерікті түрде тудыруы мүмкін. Д.В. Люсиннің пікірі бойынша, эмоционалды интеллект – бұл адамның өзгермелі жағдайларға жақсы бейімделуіне көмектесетін интегралды ресурс және көбінесе адамның әл-ауқаты мен болашақтағы жетістігін анықтайды [9].

Айта кету керек, эмоционалды икемділікті зерттеу эмоционалды құзыреттілікті зерттеумен тығыз байланысты. Көптеген ғалымдардың пікірінше, эмоционалды құзыреттілік қоғамдағы тұлғаның дамуына әсер етеді, атап айтқанда мансап пен адамдар арасындағы қарым-қатынасқа түсуге көмектеседі. Эмоционалды құзыреттілік адам үшін маңызды жағдайда тиімді мінез-құлықты талдауға және құруға көмектеседі.

J. Mayer, P. Solovey, D. Caruso эмоционалды құзыреттілік интеллектуалды процестерге негізделген эмоцияларды басқара отырып, эмоцияларда көрінетін жеке көріністерді қабылдау және түсіну қабілеті ретінде анықтайды [6].

Г.В. Юсупованың пікірінде эмоционалды құзыреттілік өз эмоциялары мен айналасындағылардың эмоцияларын түсіну арқылы өзін-өзі реттеу және тұлғааралық қатынастарды реттеу қабілеттерінің дамып келе жатқан тобы деп түсінуге болады. Ол ішкі және сыртқы фокустық векторлары бар эмоционалды құзыреттіліктің екі компонентін ажыратады: когнитивті (эмоцияны түсіну) және мінез-құлық (эмоцияны басқару) [15].

И.Н. Андреева эмоционалды құзыреттілік құрылымы оның дамуына әсер ететін әлеуметтік ықпалдарды ескеретін эмоционалды интеллекттің құрылымы деп санайды [10].

В.Э. Чудновский эмоционалды құзыреттілікті «адамның әлеуметтік тұрақсыздықта әртүрлі жағдайларында жеке ұстанымдарын сақтау, оның жеке

көзқарастарына, сенімдеріне және жалпы дүниетанымына жат әсерлерге қатысты белгілі бір қорғаныс механизмдерін меңгеру қабілеті» деп анықтайды [16].

В.А. Романов сонымен қатар субъектінің эмоционалды аймағын өзгерту мен прогрессиялы дамытудағы эмоционалды құзыреттіліктің мақсатын, өзін-өзі жетілдіруді, өзін-өзі жүзеге асыруды, өзін-өзі құратын және басқа адамдардың дамуына ықпал ететін жетілген тұлға ретінде субъектінің қалыптасуын анықтайды [17].

Сонымен, эмоционалды құзыреттілік пен эмоционалды интеллект біз зерттейтін эмоционалды икемділік түсінігімен тығыз байланысты, әсіресе, жоғарыда аталған зерттеушілер эмоционалды икемділік ұғымын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты және негізін қалады.



Сурет 1 – Эмоционалды икемділіктің эмоционалды интеллект және эмоционалды құзыреттелікпен байланысы

«Эмоционалды икемділік» ұғымын теориялық тұрғыда зерттей отырып, біз жүйелік тәсілдің позицияларына бағдарланамыз, өйткені бұл тәсіл зерттелетін қасиетті тұтас жүйе және оның ішкі жүйелері (элементтері) ретінде ол нақты өмір сүретін, жұмыс істейтін және дамитын орта контексте талдауға мүмкіндік береді [48].

Эмоционалды икемділік әлемдегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр, себебі әрбір нәрсеге алаңдаушылық таныта бермей керсінше болған мәселені қабылдап оны саналы түрде тиімді шешуге бағытталудың негізі. Жақсы эмоционалдық икемділік өзін-өзі бағалауға, жеке тұлғаның дамуындағы көптеген ішкі қиындықтарды жеңуге көмектеседі, депрессивті және үрейлі жағдайлардың реттеушісі болып табылады, нәтижесінде айтарлықтай өмірлік өзгерістерге әкеледі [49].

Кез-келген объектіні жүйелік талдау морфологиялық талдаудан және оның компоненттерінің элементтерін бөлуден басталады. «Эмоционалды икемділік» анықтамасының мәнін ашатын элементтер генетикалық тұрғыдан «эмоциялар» және «икемділік» ұғымдары болып табылады, олар зерттелетін тұжырымдаманы сипаттайтын бүкіл анықтамалар жүйесінің негізін құрайды,

бұл оның барлық алуан түрлі қасиеттері мен қатынастарының бірлігінде көрінетін объектінің ішкі мазмұны. «Икемділік» ұғымына толығырақ тоқталайық:

Тұлғаның икемділігінің феноменологиясы өте кең. Ол негізгі психологиялық категориялардың проблемаларын (психиканың қасиеттері, қабілеттері), сондай-ақ әлеуметтік (бейімделу) және психологияның тәжірибелік басқа да салаларының кейбір мәселелерін (көшбасшылық, басқару, сәттілік және т.б.) қамтиды.

А.М. Мальцева мәселенің өзектілігіне қарамастан, икемділік мәселесінің өте терең тарихы бар екенін атап өтті. Ежелгі грек философы Демокрит адамды ақыл-ой икемділігі бар жануар ретінде анықтады. Демокриттің замандасы Сократ философиялық диалектиканың негізін қалады, оның негізгі ұстанымы оны қолданатын субъектілердің ойлау икемділігі болды. XX ғасырдағы физиологиялық зерттеулер ойлаудан психикаға дейінгі икемді құрылымдардың тізімін кеңейтті. И.П. Павлов адам психикасының ерекше икемділігін көрсетті. Гуманистік психология икемділікті зерттеудің тарихына өз үлесін қосты, К. Роджерс «Мен» тұжырымдамасына қатысты икемділік күйін сипаттады [50].

Айта кету керек, «икемділік» терминімен қатар, ұқсас көріністер шеңберіне сілтеме жасау үшін «флексибельді» термині қолданылады. Икемділік пен флексибельділік ұғымдарының мағыналы талдауы оларды синоним ретінде қолдануға болатындығын көрсетті, өйткені олар өзара әрекеттесу процесінде реакциялардың өзгеру динамикасы мен мазмұнын бірдей көрсетеді. Теориялық жоспардың мұндай қиындықтары икемділік мәселесін әзірлеуге көзқарастардың кеңдігіне және бірыңғай зерттеу бағдарламасының болмауына әкеледі.

Икемділік мәселесіне арналған еңбектерді талдау оның құрылымын құрудың екі тәсілі бар екенін көрсетті. Бір жағдайда икемділік жеке тұлғаның күрделі қасиеті ретінде анықталады. Мәселен, Т.Ю. Тодышева бір-бірін толықтыратын үш ішкі жүйеден тұратын жеке икемділікті ұсынады: когнитивті, эмоционалды және құндылық-мағыналық [51].

Басқа жағдайда икемділік жеке тұлғаның ішкі деңгейлерінің сипаттамасы ретінде ұсынылады. Т.Е. Левицкая атап өткендей, когнитивті, мотивациялық, эмоционалды және басқа да жеке деңгейлер икемділікке ие [52].

Википедияда икемділіктің келесі анықтамасы берілген: бұл адамның жағдайдың өзгеруіне қаншалықты төтеп бере алатындығын және мәселелер мен міндеттер туралы жаңа, шығармашылық тұрғыдан ойлана алатындығын сипаттайтын жеке қасиет. Бұл қасиет адамның өз ұстанымын, дүниетанымын немесе міндеттемелерін өзгертуін талап ететін стресс факторлары немесе күтпеген оқиғалар болған кезде көрінеді. Икемділік немесе психологиялық икемділікті, кейде белгілі болғандай, жағдайлық талаптарға бейімделу, өмірлік талаптарды теңестіру және белгілі бір мінез-құлықты ұстану қабілеті деп атайды.

Тұлғаның икемділік және бағдарлау ригидтілігінің деңгейі проблемалық және көңілсіз жағдайларда адамның реакциясының икемділігі нақты жағдайдың

талаптарына реакциясының сәйкестік дәрежесін анықтайды. Л.И. Вассерман, Б.В. Иовлев пен М.А. Березиннің пікірінше, психикалық икемділік-ригидтілік құбылысы кәсіби дезадаптация механизмдерінде маңызды рөл атқарады. Тұрақты жеке қасиет бола отырып, реакцияның қатаң (жеткіліксіз) түрі тиімсіз мінез-құлық стратегияларын бекіту арқылы сыртқы жағдайдың өзгеруімен психикалық гомеостазды қалпына келтіруге кедергі келтіреді, оны кәсіби деформация факторы ретінде қарастыруға болады. Өзекті қажеттіліктерді бұзақтау адамның мазасыздық деңгейінің жоғарылауын тудырады, бұл шындықты бұрмалауға, содан кейін қатаң қабылдауға әкеледі [53].

В.А. Петровский тұлғалық флексибельділікті (икеменділікті) индивидтің жалпы психологиялық сипаттамасы ретінде қарастырады, бұл іс-әрекеттің жеке параметрлерінің өзгергіштігімен және жүйке процестерінің қозғалғыштығымен тікелей байланысты. Сонымен қатар, жеке көрсеткіштердің салыстырмалы тұрақтылығын атап өтеді, олардың дамуының өзекті деңгейін айтарлықтай өзгерту қиын. Жеке тұлғаның флексибельділігі (икеменділігі) жоғары дәрежеде қалыптасқан адамды В.А. Петровский тұлғааралық қатынастар жүйесіне енгізілген жоғары вариативті тұлға деп атайды. Автор қарама-қарсы сипаттамаларды тұлғалық ригидтілікке (консервативтілікке) жатқызады [54].

Икеменділік дегеніміз – заттар мен құбылыстардың бір класынан екіншісіне тез, оңай ауысуды білдіреді (Дж. Гилфорд, 1959), санадан бейсаналық қызметіне ауысу жылдамдығы (Р.Б. Кеттел, 1971), қабылдауда стереотиптің болмауы (А.В. Хараш, 1981) тұлғаның күтпеген жерден болуы мүмкін өзгерістерге бейімделу қабілеті (Л. Хаскелл, 1979).

В.И. Андреевтің айтуынша, икеменділік – бұл пәндік іс-әрекеттің әр түрлілігіне деген талпыныс [55].

Ресей психологиясындағы «эмоционалды икеменділік» ұғымын алғаш рет Л.М. Митина педагог тұлғасын кәсіби дамыту тұжырымдамасында қарастырды. Кәсіби дамуды ол педагогикалық жұмыста кәсіби білім мен дағдылардың өсуі, қалыптасуы, интеграциясы және іске асырылуы деп түсінеді, бірақ ең бастысы – оның ішкі әлемін түбегейлі жаңа жүйе мен өмір салтына әкелетін белсенді сапалы қайта құру. Оның пікірінше, эмоционалды икеменділік эмоционалды экспрессивтілік пен тұрақтылықтың оңтайлы үйлесімі болып табылады [56].

Шетелдік дереккөздерде эмоционалды икеменділік (EG) – термин ретінде С. Дэвид пен К. Конглтон Harvard Business Review (қараша 2013) ұсынған, олар бұл құбылысты «ішкі тәжірибелерін (жақсы да, жаман да) мұқият және өнімді түрде тыңдау және пайдалану қабілеті» деп сипаттайды. Эмоционалды икеменділік – күнделікті жағдайларға оңтайлы жауап беруге мүмкіндік беретін ойлар мен сезімдердің икеменділігі - әл-ауқат пен табысқа әкеледі. Дегенмен, эмоционалды икеменділікті дамыту сіздің ойларыңызды басқаруды немесе өзіңізді «жағымды ойлауға» мәжбүрлеуді білдірмейді.

Эмоционалды икеменділік, С. Дэвидтің айтуы бойынша, бұл хабардар болу, қызығушылық, адамның ойына, эмоцияларына және мінез-құлқына қатысты ешқандай алаңдаушылықтың болмауы. Көрнекі бейнелер, символдар, жеке түсіндірулер мен пайымдаулар жиынтығымен біріктірілген сезімтал ақпарат

когнитивті ойлаудың жарқындығын қамтамасыз етеді. Ол эмоционалды икемділік қабілет ретінде таңдау еркіндігінде байқалатындығын көрсетеді, бұл міндетті түрде ынталандыру мен реакция арасында болады. Бастапқыда эмоционалды икемділік сезімдермен көрінеді, содан кейін жауап, яғни адамның мінез-құлқы. Эмоционалды икемділік - демалу және саналы өмір сүру қабілеті. Эмоционалды икемді адам қиындықтарды жеңе алады және әрқашан жаңа күнге ашық болады. Стреске қарамастан, ол өзінің ұзақ мерзімді мақсаттарын жалғастырады. Ашу, реніш - мұның бәрі әрқайсымыздың жолымызда кездеседі. Бірақ эмоционалды икемді адам мұндай сезімдерге түсіністікпен қарайды және қабылдайды. Әрбір жаңа жағымсыз эмоция оны шатастырмайды, тек сенімділік береді. Сіз қиындықтар мен стрестерден қашпауыңыз керек. Керісінше - оларды қабылдаңыз және мақсаттарыңызға қарай жүріңіз [21].

Психологиядағы ғылыми әдебиеттерде эмоционалды икемділікке жақын түсінікте де қарастырылған, олар: психологиялық икемділік, психологиялық тұрақтылық, эмоционалды реттеу.

Т. Рамачи өз еңбегінде психологиялық икемділікті қарастыра келе, психологиялық икемділік күнделікті өмірде белгілі бір адамның мақсаттарына қызмет ететін және олардың негізгі сенімдеріне сәйкес келетін жағдайдың талаптарына тиімді жауап беру үшін мінез-құлқы мен күнделікті тәртібін реттеуге мүмкіндік беретінін атап кеткен. Ол психологиялық икемділікке бағытталған мақаласында әріптестерімен бірлесе отырып келесі анқтаманы берді: «психологиялық икемділік-бұл эмоционалды жетілудің және өзгермелі жағдайларға сәтті бейімделудің негізгі аспектісі». Бұл дағдыны дамыта отырып, бізге белгісіздік жағдайында өмір сүруді ғана емес, сонымен қатар өзгерістерді жеке және кәсіби өсу мүмкіндігі ретінде пайдалану арқылы өркендеуді үйретеді. Осы арқылы өз еңбегінде практикалық стратегиялар психологиялық икемділікті дамыту жолында құнды ресурс бола алатындығын көрсеткен [57].

К.К. Чжан., Э. Лиминг және т.б. ғалымдар психологиялық икемділіктің анықтамаларының бірі-қазіргі уақытпен байланыста болу және бір сәттік импульстармен емес, ұзақ мерзімді мақсаттарға сәйкес әрекет ету қабілеті екендігін сипаттаған. Психологиялық икемділік адамдарға қоршаған ортаның өзгеруіне бейімделуге және адамның мақсаттары мен құндылықтарына сәйкес келетін жаңа, шығармашылықпен жауап беруге мүмкіндік беретіндігі туралы қарастырып, бұл қасиет денсаулық пен әл-ауқатта да маңызды рөл атқаратындығы туралы атап өткен [58].

В.Д. Шадриковтың қабілеттер теориясына сүйенетін болсақ, когнитивті икемділік үш аспектідегі қабілет ретінде қарастырылған, олар: жеке адамда (ми құрылымдарын белсендіру процесі ретінде), іс-әрекет субъектісінің аспектісінде (танымдық процестердің қасиеті ретінде) және тұлға (ақыл-ой қабілеті ретінде). Осы арқылы ол субъект деңгейінде және жеке тұлға деңгейінде когнитивті икемділікті өзіне деген көзқарас процесінде зерттеуге болады дей келе, фокусты ауыстыру арқылы субъект қоршаған шындықпен өзара әрекеттесіп қана қоймай, сонымен бірге өзінің психикалық ұйымының тәсілін өзгертуде алға жылжып, ондағы жаңа қырларды аша алады [59].

Когнитивті икемділікті әр түрлі тұрғыдан қарастыруға болады, осыған байланысты А. Міуаке зерттеулерде когнитивті икемділікті ойлаудың өзгеруі ретінде жалпылауға болады, ол ережелердің арнайы өзгеруінен немесе жаңа жағдайда бұрынғы көзқарастар мен ойларды қайта қарау қажеттілігінен туындағанына қарамастан, когнитивті икемділік құбылыстың көптеген аспектілерін бір уақытта қарастыруды қамтиды деген. Белгілі бір дәрежеде синонимдік терминдер: танымдық икемділік, ақыл-ой икемділігі, психологиялық көзқарастың өзгеруі, когнитивті ауысу, тапсырмаларды ауыстыру, зейінді ауыстыру. Көбінесе когнитивті икемділік мақсаттардың өзгеруіне немесе сыртқы ынталандыруға жауап ретінде ойлауды немесе зейінді бейімдеуде ақыл-ой қабілетін сипаттайды. Атап айтқанда, зерттеушілер бұл ұғымды эксперимент ережелерін немесе талаптарын өзгертуге жауап ретінде әртүрлі тапсырмалар немесе операциялар арасындағы ой ағымы мен зейінін ауыстыру немесе өзгерту қабілеті ретінде сипаттайды [60].

Психологиядағы психологиялық тұрақтылық-қазіргі заманғы зерттеулердің өзекті тақырыбы. Бұл сыртқы факторлардың теріс әсеріне ересек адам үшін де, бала үшін де төзімділік, бұл психологиялық денсаулықтың кепілі екендігімен түсіндіріледі. Әр адамның өмірінде қалыңдықтар, оқудағы мәселелер, жұмыстағы дағдарыс кезеңдері, қаржылық қиындықтар болады және т.б. Психологиялық тұрақтылық адамға дұрыс ойлау қабілетін сақтауға және қиын жағдайлардан шығудың жолын табуға көмектеседі.

Психологиялық тұрақтылық - бұл стреске төзімділікті, оптимизмді, төзімділікті, тыныштықты біріктіретін термин. Бұл көп қырлы қасиет адам қызметінің кез келген саласында бағаланады. Тұлғаның бұл қасиеті адамға өзімен және әлеммен үйлесімділік табуға, өз еңбегінен қанағат алуға, достықты бағалауға, отбасында балаларды тәрбиелеу үшін оңтайлы жағдай жасауға көмектеседі.

Психологиялық тұрақтылық бойынша ресейлік және шетелдік зерттеулерде көптеген талдаулар жасалған. Психологиялық тұрақтылық-бұл неғұрлым интегралды тұжырымдама, оның көріністері субъектінің жеке және әлеуметтік қызметіне әсер етеді. А.Г. Фаустова және т.б. ғалымдар ресейлік және шетелдік авторлардың ғылыми зерттеулеріне шолу жасай келе ресейлік психология ғылымда психологиялық тұрақтылық жеке тұлғаның қасиеті, оның ажырамас сипаттамасы ретінде қарастырылады, ал шетелдік психологияда тұрақтылықты бірнеше қасиеттердің жиынтығы ретінде түсіндіреді. Жеке маңызды жағдайларда, әсіресе психологиялық жаракат жағдайында психологиялық тұрақтылықтың ерекше жағдайлары да көрсетілген [61].

Е.П. Ильиннің көзқарасы бойынша психологиялық тұрақтылықты көбінесе төзімділікпен байланыстырған, ол оның әсеріне сезімталдықтың төмендеуі нәтижесінде қолайсыз факторларға реакцияның әлсіреуі немесе болмауы деп түсіндірген. Бұл тұрғыда толеранттылық психологиялық тұрақтылықтың бір жағы ретінде қарастыруға болатындығын атап өткен [62].

Эмоцияны реттеу - бұл белгілі бір жағдайда оның күйін немесе мінез-құлқын модуляциялауды қамтитын күрделі процесс-мысалы, субъективті

тәжірибе (сезімдер), когнитивті реакциялар (ойлар), эмоциялармен байланысты физиологиялық реакциялар (мысалы, жүрек соғу жиілігі немесе гормоналды белсенділік) және эмоциялармен байланысты мінез-құлық (дене әрекеттері немесе өрнектері) [63].

Р.Б. Исмаилова және т.б. отандық ғаламдар эмоционалды күйді басқаруға байланысты қарастырған еңбектерінде эмоцияларды реттеу бұл эмоционалды күйді басқарудың соңғы қадамы екендігін атап кеткен. Осыған байланысты эмоцияларды дұрыс басқарудың стратегияларын қолдануды ұсынған. Бұл эмоцияларды реттеу үшін қолдануға болатын бірнеше стратегияны қамтиды, олар:

Терең тыныс алу: терең тыныс алу стресті азайтуға және ақыл-ойды тыныштандыруға көмектеседі.

Зейін: зейінді жаттықтыру адамдарға қазіргі уақытта қатысуға және жағымсыз ойлардың санын азайтуға көмектеседі.

Жаттығу: тұрақты жаттығулар көңіл-күйді жақсартуға және стресті азайтуға көмектеседі.

Когнитивті қайта құру: бұл жағымсыз ойлар мен сенімдерді позитивті деп өзгертуді қамтиды.

Қолдау сұрау: сенімді достарымен немесе психикалық денсаулық маманымен сөйлесу адамдарға эмоцияларымен күресуге және дұрыс күресу стратегияларын жасауға көмектесетіндігі туралы сипаттаған [64].

Жоғарыда «психологиялық икемділік», «когнитивті икемділік», «психологиялық тұрақтылық», «эмоцияларды реттеу» түсініктеріне ғылыми еңбектер негізінде сипаттамалар жасалып кетті. Бұлардың бір-бірінен айырмашылығына тоқталар болсақ психологиялық икемділік - бұл мінез-құлқы арқылы күнделікті өмірде түрлі жағдайдың талаптарына тиімді жауап беру болса, когнитивті икемділік - мақсаттардың өзгеруіне немесе сыртқы ынталандыруға жауап ретінде ойлауды немесе зейінді бейімдеуде ақыл-ой қабілетін сипаттайды, психологиялық тұрақтылық - бұл стреске төзімділікті, оптимизмді, тыныштық қасиеттерін біріктіре келе дұрыс ойлау қабілетін сақтауға және қиын жағдайлардан шығудың жолын табуға көмектесетін интегралды тұжырымдама болады, ал эмоцияларды реттеу – эмоционалды күйді басқарудың соңғы қадамы, мұнда когнитивті реакциялар, эмоциялармен байланысты физиологиялық реакциялар және эмоциялармен байланысты мінез-құлық әрекеттері жатады. Әрқайсының айырмашылығын сипаттай келе олар «ікемділік» ұғымында ортақ сипатқа ие, көп жағдайда икемділікті жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты құбылыс деп санайтынын атап өтеміз.

Қорытындай келе, эмоционалды икемділіктің қалыптасуы мен қазіргі жағдайын қарастырдық. Мұндағы ғылыми зерттеулер мен тұжырымдарды талдай келе эмоционалды икемділікті зерттеудің теориялық негіздерін көрсеттік. Келесі бөлімде эмоционалды икемділіктің мазмұны және құрылымы сипатталады.

1.2 Эмоционалды икемділіктің құрылымдық-мазмұндық сипаттамасы

Бұл бөлімде заманауи отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріндегі эмоционалды икемділіктің теориялық негізін зерттеудің әртүрлі тәсілдері қарастырылды. Жоғарыда қарастырылған зерттеулерге сүйене отырып, эмоционалды икемділіктің құрылымы мен мазмұнына тоқталамыз.

М.В. Наумова «эмоционалды икемділік» ұғымына келесі анықтама береді - жеке тұлғаның қасиеті, ол өзінің және басқалардың эмоционалды күйлерін білу, эмпатия жағдайында өзінің және басқалардың эмоционалды күйлерін басқару қабілетінде көрінеді және эмоцияның сыртқы экспрессивті көрінісінде байқалады. М.В. Наумованың көзқарасы бойынша, эмоционалды икемділікті қалыптастыру болашақ педагог-психологтың кәсіби маңызды сапасы [65].

Л.М. Митина мен Е.С. Асмаковецтің айтуы бойынша эмоционалды икемділік екі қосымша құрылымнан тұрады: эмоционалды тұрақтылық және эмоционалды экспрессивтілік, олар өз кезегінде педагогикалық мамандық шеңберінде табысты әрекет ету үшін маңызды жеке қасиеттердің белгілі бір үйлесімі немесе комбинациялары болып табылады. Авторлардың пікірінше, эмоционалды тұрақтылық олардың эмоцияларын, көңіл-күйін басқару қабілетімен сипатталады, жағдайдың адекватты түсіндірмесін және шынайы вербалды және вербалды емес көріністі табу қабілетімен көрінеді. Эмоционалды тұрақтылық келесі жеке қасиеттердің жиынтығын қамтиды: өмірге қанағаттану, ашулануға, қорқынышты сезінуге бейімділіктің болмауы, ішінара эмоционалды тұрақтылық. Эмоционалды экспрессивтілік қозғалыстарда, қимылдарда, жүрісте, мимикада, сөйлеуде, оның интонациясында қалыптасқан экспрессивтілік педагог мінезінің ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге оның қобалжуды меңгеруіндегі ойлау тәсілін, әртүрлі әлеуметтік құндылықтарға (моральдық, азаматтық, көркемдік) қатынасын, балаларға және басқа адамдарға деген көзқарасын жеткізуге мүмкіндік бергенде пайда болады [18].

Е.С. Асмаковецтің жұмысын талдау шартты түрде тұлғаның эмоционалды икемділігінің дамуын келесі деңгейлерге бөлуге мүмкіндік береді: төмен, орташа, жоғары. Педагогтардағы келесі әдістермен дағдылардың болуы эмоционалды икемділіктің жоғары деңгейінің көріністерін сипаттайды: дағдылардың дамуы, сезімдердің вербалды және вербалды емес көріністерінің әдістері және оларды оқушылармен (тәрбиеленушілермен, студенттермен) қарым-қатынаста мақсатты түрде қолдану; педагогикалық қарым-қатынас пен оқытуды эмоционалды түрде қанықтыру мүмкіндігі; баланың психологиялық қауіпсіздігі мен қорғалуын қалыптастыруға бағытталған әдістер мен тәсілдерге ие болу; баланың жеке даралығын дамытуда жағымды эмоционалды ықпал ету дағдылары мен әдістеріне ие болу.

Келесідей іскерліктер мен дағдылардың болмауы немесе қалыптаспауы эмоционалды икемділіктің дамуының төмен деңгейін сипаттайды: адекватты түрде эмоционалды жауап бере алмау; әлеуметтік бейімделе алмау; адамның «Меніне» қауіп төндіретін әртүрлі өмірлік жағдайларға эмоционалды теріс

реакцияларға (өзін-өзі бағалау, талап деңгейі, өзіне деген көзқарас және т.б.), әлеуметтік жағдайларға жауап беруде мазасыздық пен қобалжудың жоғарылауымен байланысты тұрақты бейімділік. Тұлғалық мазасыздықтың жоғары деңгейі (жарақаттық жағдайларды бастан кешіру, өзін-өзі қанағаттандырмау, қобалжу, депрессия); эмоционалды тұрақсыздық (өзінің эмоциялары мен көңіл-күйлерін басқара алмау); жағымсыз эмоциялардың басым болуы (қорқыныш, ашуланшақтық, қатыгездік); өз өміріне қанағаттанбау; өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейі; қажу синдромының болуы [66].

Е.М. Семенова бойынша, эмоционалды икемділік – бұл шынайы эмоциялар мен сезімдерді көрсету, әр түрлі әрекет ету және сонымен бірге эмпатия таныту, басқаларға жылулық пен оларға немқұрайлы болмауын көрсету [19].

Зерттеушілер Н.Н. Колмогорцева, М.В. Наумова соционикалық типтегі мамандардың эмоционалды икемділігін сыртқы ортаның әртүрлі әсерлеріне оңай, тез, икемді, адекватты эмоционалды жауап беру қабілетінде көрінетін тұлғаның интегралды сипаттамасы деп түсінеді, бұл олардың эмоцияларын адекватты, мәнерлі түрде көрсету, эмпатикалық және рефлексиялық дағдыларға ие болу қабілетінде көрінеді [20].

С.А. Борисова мен О.Ю. Кузнецова эмоционалды икемділікті стандартты емес жағдайда адекватты эмоционалды реакцияға психологиялық дайындықты, сондай-ақ студенттер мен педагогтардың қобалжуларын шынайы қабылдау, дұрыс түсіну, бағалау қабілеті және өз қобалжуларын мәнерлі түрде жеткізе білуі деп түсінеді [67].

Қазақстандық зерттеушілер тобы эмоционалды икемділікті негізінен қажетті деңгейде өзекті ынталандырулардың жиынтығын тудыратын эмоция мүмкіндіктерінің спектрі, сондай-ақ (-) және (+) күйді теңестіретін сезіну қабілеті ретінде қарастырады. Ғылыми зерттеулердің көпшілігі эмоционалды икемсіздік - ойларға, түйсікке және мінез-құлық сызықтарында «өзгермейтіндік», яғни пайда әкелмейді, - депрессия мен мазасыздықты қоса алғанда, бірқатар психологиялық мәселелердің туындауына әкелетінін көрсетеді. Керісінше, эмоционалды тепе-теңдік, икемділік – күнделікті жағдайларға оңтайлы жауап беруге мүмкіндік беретін ойлар мен сезімдердің икемділігі – әл-ауқат пен табысқа әкеледі. Олар эмоционалды икемді адамдарды динамикалық деп санайды. Мұндай адамдар күрделі және тез өзгеретін әлемге бейімделе алады. Олар үлкен күйзеліске төтеп береді және құмарлықты, ашықтықты және қабылдауды жоғалтпай қиындықтарды жеңеді. Олар өмір әрқашан оңай емес екенін түсінеді, бірақ өз құндылықтарына адал болып қалады және ауқымды, ұзақ мерзімді мақсаттарды жалғастырады. Олар ашуланады, ренжиді және т.б., бірақ мұндай эмоцияларға қызығушылық пен түсіністікпен қарайды және соңында оларды қабылдайды [41].

А.Ж. Акмолдоева эмоционалды икемділік педагогтың жеке басының интегралды сипаттамасының ажырамас бөлігі болып табылады және кәсіби дамудың жалпы барысын анықтайды деп санайды. Эмоционалды икемділікті

дамытудың психологиялық шарты – мұғалімнің іс-әрекетті, қарым-қатынасты, мұғалім мен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын оңтайландырудағы тұлғаның аффективті саласының рөлі мен маңыздылығын түсіну. Педагогтың эмоционалды икемділігінің динамикасы оның аффективті көріністерінің үйлесімділігі мен күрделілігімен анықталады: бірнеше рет қайталанатын оқу-тәрбие процесінде шынайы эмоцияларды «жандандыру», жағымды эмоцияларды тудыру, жағымсыз эмоцияларды бақылау, яғни мінез-құлықтың икемділігін, стандартты емес, шығармашылықты көрсету [68].

Өз ойымызды тұжырымдай келе, эмоционалды икемділіктің құрылымын қарастыруда айта кету керек, өзгермелі болуы мүмкін ситуациялық копинг-стратегиялары, сондай-ақ осы стратегиялардың негізінде жатқан тұлғалық жауап беру стильдері үшін олар жеке жүйені құрайды. Жағдаяттық копинг-стратегиялары сәтті бейімделуге ықпал етуі мүмкін – «тиімді» стратегиялар немесе бейімделуге кедергі келтіретін және бейімделмейтін – «деструктивті» стратегиялар әсерлерін күшейтуі мүмкін.

А.В. Кошелеваның пікірінше когнитивті стратегиялары деп тұлғаның психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне, адамның өміріндегі белгілі бір жағдайдың маңыздылығына, сондай-ақ шиеленіс ретінде қабылданатын сыртқы немесе ішкі талаптарды жеңуге үнемі өзгеріп отыратын эмоционалды, когнитивті және мінез-құлық әрекеттеріне негізделген стрестік жағдаймен жеке өзара әрекеттесу деп түсіндіреді. Басқаша айтқанда, копинг стратегиялары - бұл когнитивті, мінез - құлық және эмоционалды компоненттерді қамтитын стрестік жағдайды шешуге бағытталған жеке тұлғаның әрекеттері [69].

Копинг-стратегияларды терең зерттеген Р. Лазарус пен С. Фолкман 8 негізгі копинг - стратегиясын анықтады: 1) мәселені шешуді жоспарлау, жағдайды және оны өзгерту үшін қажетті ресурстарды талдауды қамтиды; 2) жағдайды өзгерту үшін жеткілікті агрессивті әрекеттерді қолданудан тұратын, белгілі бір дәрежеде дұшпандықпен және қауіпті әрекеттерге дайындықпен үйлесетін қарама-қайшылықты күрес; 3) жағдайды өзгерту үшін жауапкершілікті қабылдау; 4) өзінің эмоциялары мен іс-әрекеттерін өзін-өзі бақылау; 5) осы жағдайды оң қайта бағалау; 6) айналасындағыларға эмоционалды немесе мінез-құлық көмегіне жүгіну арқылы көрінетін әлеуметтік қолдауды іздеу; 7) осы жағдайдан алшақтау және оның адам үшін маңыздылығын ойша азайту; 8) қашу-проблемадан қашуға бағытталған тілек пен күш-жігермен қатар жүретіннен аулақ болу [69, б. 90].

М. Вебер стрестік жағдайларда жедел көмек көрсетудегі копинг мінез-құлқының психологиялық рөлін оның әлсіреуі, бейімделуі, игерілуі және жеңілдетілуі ретінде анықтайды деген тұжырым жасады. [69, б. 201].

Осымен қатар копинг-стратегияларды тұжырымдауда оның бірнеше түрін сипаттаған, осыған орай М.С. Мищенконың тұжырымына сүйенуге болады. М.С. Мищенко бойынша копинг-стратегияларды жеңудің төрт түрі:

1. Когнитивті жеңу-стрестің себептерін түсіну және ойша зерттеу, жағдайды толығымен түсіну және оның бейнесін адамның «өзіндік тұжырымдамасына» енгізу, субъектінің қоршаған орта мен тұлғааралық

қатынастар туралы идеясы. Ол сондай-ақ стресс кезінде ағзаны жұмылдыру үшін қолда бар ресурстарды іздеуді және бағалауды, сындарлы күресу жолдарын, өзін-өзі ынталандыру мүмкіндіктерін немесе қажетті әлеуметтік қолдауды талдауды қамтиды.

2. Эмоционалды күшейту-басты міндет-адам өзінің сезімдерін, тілектері мен қажеттіліктерін түсініп, қабылдай алады, оларды әлеуметтік қолайлы формаларда білдіре алады, тәжірибе динамикасын бақылай алады, нақты тәжірибелерде тұрып қалмайды және толық жауап бермейді.

3. Мінез-құлықты жеңу-әдеттегі мінез-құлықтың, стратегиялардың, жоспарлардың, міндеттер мен қызмет жағдайларының өзгеруі, белсенді түрде жүзеге асырылатын әрекеттер немесе, керісінше, әрекетсіздік.

4. Әлеуметтік-психологиялық жеңу-тұлғаның бағытын өзгерту (жалпы немесе оның жекелеген салаларына қатысты), өмірлік басымдықтарды өзгерту, әлеуметтік рөлдерді, позицияларды және тұлғааралық қатынастарды өзгерту немесе кеңейту [71].

Сонымен, бүгінгі күні «копинг» ұғымын анықтауда бірнеше түрлі тәсілдер бар. Психоанализдің жақтаушысы Н. Хаангтың анықтамасын заңды түрде қарастыруға болады. Ол өзінің бағыты бойынша копингті алғашқылардың бірі болып түсіндірді, оны «Эгомен» байланыстырды, бұл психикалық шиеленіс деңгейін төмендету үшін де, қиын өмірлік жағдайларда тұлғаның тиімді бейімделуі үшін де қорғаныс нұсқаларының бірі болатындығын атап кеткен. [72].

К. Роджерс, А. Маслоу өз еңбектерінде гуманистік бағыт аясында копинг стратегиясы өз мәселелерін шешуге жеке дайындығын көрсететін мінез-құлықтың ерекше түрі ретінде қарастырды [73, б. 129].

Сонымен қатар, Т.А. Вилс пен С. Шифман өз еңбектерінде копинг-стратегиялардың классификациясына тағы 2 түрді енгізді. «Антиципаторлық копинг» - күтілетін стрессорға болжамды жауап. Бұл жақын арада болатын жағдайды басқару әрекеті ретінде пайда болады. «Қалпына келтіру копингі» өз кезегінде бұрын болған оқиғалардан кейін психологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. [74, б. 92].

С.Е. Дуанаева, С.Қ. Бердібаева, А.И. Гарбер стресс кезінде эмоционалды және мінез-құлықты реттеудің маңыздылығын айта отырып, қайта-қайта туындайтын стрестік жағдайларды сәтті жеңудің арқасында жеке тұлға тәжірибе мен тиісті құзыреттерге ие болады деп санайды. Бұл кез келген тұлғаны дамыту процесінің негізі болып табылады. Негізінен қоршаған орта жағдайлары мен жағдайдың дамуындағы өзіндік күтулері арасында туындайтын қайшылықтар әдетте, ережеге сәйкес эмоционалды және когнитивті реттеу арқылы шешіледі. Адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің қарама-қайшылықтары күшейген кезде, бір уақытта адамның когнитивті бақылауына жататын әрекеттерге айналатын жоспарлар мен мақсаттар туындауы мүмкін. Бұл адамның үнемі өзгермелі қоршаған орта жағдайларына бейімделуін қамтамасыз ету үшін мінез-құлықтың күнделікті реттеудегі нормасы [37].

Біздің ойымызша, эмоционалды өзін - өзі реттеу эмоционалды икемділіктің маңызды компоненттердің бірі болып табылады. Бұл туралы ғылыми еңбектерде бірнеше тұжырымдар мен зерттеулер жүргізілген.

Мінез-құлықты өзін-өзі реттеу қабілеті туралы С.Д. Максименко тұлғаның маңызды белгісі деп атап кеткен, ол эмоционалды өзін-өзі реттеу қабілеті, біз жеке тұлғаның маңызды сипаттамасы деп санаған. Сонымен қатар, тұлғаның барлық басқа сипаттамалары мен қабілеттері сияқты, ол әртүрлі адамдарда даму деңгейіне ие болуы мүмкіндігін сипаттаған. Осы арқалы аталған жеке қабілеттің психодиагностикасы әдістерін әзірлеу қажеттілігі туындаған. Бұл кәсіби іріктеу, психологиялық кеңес беру, психотерапиялық көмек көрсету мақсатында жеке тұлғаны жан-жақты зерттеу үшін, сондай-ақ эмоционалды тәжірибе жетекші болып табылатын психосоматикалық патологияның пайда болуы мен дамуының механизмдері мен заңдылықтарын тереңірек түсіну үшін қажеттілігін көрсетіп отыр [75].

Е.А. Сергиенко бойынша, өзін - өзі реттеу мінез-құлықты бақылау даралықтың интегративті сипаттамасы ретінде қарастырылады және мақсатты әрекетті қамтамасыз ететін мінез-құлықты реттеудің психологиялық деңгейі ретінде түсініледі. Ол өзін-өзі реттеу саласының негізі болып табылады және эмоционалды, когнитивті және ерікті компоненттерден тұратындығын атап өткен. Мінез-құлықты бақылау жеңетін мінез-құлық ресурсы ретінде қарастырды. Осылайша, барлық үш құрылым өзін-өзі реттеудің жеке механизмдері болып табылады және бір-бірімен тығыз байланысты деген тұжырым жасаған ғалымдардың бірі [76].

Н.В. Наумчик саналы өзін-өзі реттеудің ерікті және рефлексивті-семантикалық формаларын ажыратты. Соңғысы мотивациялық саланы үйлестіруге, талдауға, қайта құруға және жаңа мағыналарды қалыптастыруға бағытталған. Оның түсінігі бойынша, саналы ерікті өзін-өзі реттеу ақылға қонымды директивті сипатқа ие екендігін негіздеп, семантикалық – эмпатикалық-түсіністікті директивті емес сипатқа ие екендігін негіздеген [77].

Н.Ж. Ауелбекова, Н.С. Ахтаева өзін-өзі бағалаудың өзін-өзі реттеумен және эмоцияларды басқару әдістерімен өзара байланысын қарастыра отырып, әйелдердің эмоцияларды басқаруға икемді екенін атап өтеді. Жағымсыз эмоциялардың туындау себептері жағдайдан емес, адамның оны қалай бағалайтынына байланысты. Өзін-өзі реттеудің тиімділігі үшін олар жоспарлауды, өзінің ішкі күйін саналы түрде бақылауды, мәселенің бар-жоғын қабылдауды, өзінің қауіптенуін дауыстап айтуды, мәселенің жаңа альтернативті шешімдерін іздеуді, мәселе туралы толық ақпараттарды білуді, сезімдерді, түйсіктерді саралау, қосымша жоспар санын, талаптардың деңгейін төмендету, қоғамға қолайлы формаларда қанағаттанбаушылықты білдіру, жағдайды қайта бағалау, сырттан қарау, өзіндік рефлексияны ұсынады. Олар теріс эмоцияларды физикалық жүктеме арқылы босату керек, теріс эмоцияларды жоққа шығармай, қабылдау керек, және өз-өзіне адал болу керек. Жағымсыз эмоцияларды шығармашылық арқылы өзін-өзі көрсетудің ресурсы ретінде пайдалану керек деген тұжырымға келген [38].

Эмоционалды икемді адамдар динамикалы болып келеді. Олар күрделі және тез өзгертін әлемге бейімделуді біледі. Олар үлкен күйзеліске төтеп береді және құмарлықты, ашықтықты және қабылдауды жоғалтпай қиындықтарды жеңеді. Олар өмір әрқашан оңай емес екенін түсінеді, бірақ өз құндылықтарына адал болып қалады және ауқымды да ұзақ мерзімді мақсаттарды жалғастырады. Эмоционалды икемді адамдар қиындықтар мен ауырсынудан аулақ болмайды, олар оны қабылдайды [21].

Кез-келген салада беделі бар адамдар белгілі бір ойлау тәсілін ұстануға бейім, соның арқасында қоршаған шындықты өз категорияларының позициясы арқылы қабылдауы жүреді, ал мәселенің мән мәтіні олар үшін маңызды емес, ал категориялар қазіргі жағдайда қолданылмауы мүмкін.

Ойлау түрлері туралы айтатын болсақ, С. Дэвид оның төрт түрін ажыратады.

1. Мінез-құлық ойлармен де, үлгілермен де қалыптаспайды. Оны өз кезегінде адам қалыптастырады. 2. Өз-өзімен ішкі монолог ұғымы. 3. Ескірген өмірлік сценарийлер немесе жаңа жағдайларға бейімделе алмау. 4. Шамадан тыс түзу болу-өзіңмен күресуге қабілетсіздік.

Әр жеке тұлға өз эмоцияларын білуі және басқаруы әр түрлі мәселелерді шешуге саналы түрде күш салуға мүмкіндік береді. Болып жатқан эмоционалды тәжірибелерден бас тарту және қарсылық біздің санамызға деструктивті күресу стратегияларын жүктейді, олар уақыт өте келе қиын және ұзақ тәжірибелерді тудырады. Екінші жағынан, өзіңіздің жағымсыз эмоцияларыңызды позитивті түрде түсіну және басқару сіздің позицияңызды логикалық негіздеуге, психикалық процестерді (есте сақтауды) дамытуға мүмкіндік береді.

С. Дэвидтің пікірінше, өмірге қанағаттану көрсеткіштерінің бірі - өзін-өзі қабылдау. Өзін-өзі қабылдау арқылы жанжалды жағдайларды шешу және жеке дамуы жүреді, яғни бұл өзгерістердің катализаторы болып табылады. Осылайша, ойлаудың бұрынғы категорияларын бұзу эмоционалды икемділіктің негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді (жағдайды нақты түсіну, тиісті жауап беру және өзінің моральды нормаларына сәйкес әрекет ету).

Д. Гоулман жақсы эмоционалды икемділік өзін-өзі бағалаудың төмендігі, жеке даму кешендері сияқты көптеген ішкі қиындықтарды жеңуге көмектесетінін, депрессиялық және мазасыз күйлердің тамаша реттеушісі екенін және нәтижесінде өмірдің айтарлықтай өзгеруіне әкелуі мүмкін екенін атап өтті [12].

Т. Холленштейн өз зерттеулерінде эмоционалды икемділік жанжалды жағдайлардың алдын - алуға көмектесетінін анықтады. Жағымсыз эмоциялардың таным мен мінез-құлық икемділігін төмендететіні көрсетілген. Ол балалар мен ата-аналардың өзара әрекеттесуіндегі жағымсыз эмоционалды эпизодтар кезінде тұлғааралық икемділікті зерттеді. Зерттеу көрсеткендей, эмоционалды ригидтілік жанжалдардағы эмоцияларды бейімдеу және білдіру қиындықтарымен байланысты, бұл қарым-қатынас пен автономияның даму деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл факторлар эмоционалды мәселелермен байланысты болуы мүмкін. Эмоциялардың валенттілігі тосқауыл

болған жоқ, бұл тек жағымсыз эмоциялар эмоционалды икемділік үшін жорамалды мәнге ие деген болжамды жоққа шығарды. Бұл нәтижелер болашақта мінез-құлық мәселелеріне қатысты жанжалды ригидтілік кезіндегі шектеулі эмоционалды икемділікті танудың маңыздылығын көрсетеді [22].

Sh. Beshai көзқарасы тұрғысынан эмоционалды икемділікті контекстке сәйкес эмоционалды түрде әрекет ету және контекст өзгерген кезде бастапқы эмоционалды реакцияларынан қалпына келтіру қабілеті ретінде анықтауға болады. Эмоционалды икемділік психологиялық денсаулыққа байланысты болды. Зейінділікпен жанашырлық әл-ауқаттың әртүрлі аспектілерімен байланысты болды және психопатологияға қарсы көмек болып саналады; дегенмен, аздаған зерттеулер зейінділікпен жанашырлықтың эмоционалды икемділікпен байланысын зерттеді [24].

C.E. Waugh пікірінше, психологиялық икемділікті құрайтын эмоционалды икемділік, әдетте, эмоционалды жағдайдың өзгеруіне икемді болу қабілетін қамтиды [78].

A. Алдао, Г. Шеппес және Дж. Гросс эмоционалды икемділік дегеніміз – бұл эмоцияларды контекстке сәйкес икемді түрде реттеу және контекст өзгерген кезде бастапқы эмоционалды реакциядан қалпына келтіру, осылайша үнемі өзгеріп отыратын ортаға ең жақсы сәйкестік жасау мүмкіндігі деп санайды. Эмоционалды икемділік сонымен қатар, қазіргі жағдайға сәйкес келетін эмоцияларды реттеудің әртүрлі стратегияларын икемді пайдалануды білдіреді және бұл икемділік жеке мақсаттарға жету мүмкіндігін арттырған кезде бейімделгіш болады [79].

P.T. Costa және т.б. эмоционалды икемділікті негізінен тиісті ынталандырулардың үйлесімінен туындаған ықтимал эмоциялардың барлық спектрін сезіну еркіндігі, сондай-ақ теріс және жағымды күйлер арасындағы тепе-теңдік және өмір бойы осы тепе-теңдікті сақтау қабілеті ретінде қарастырады. Студент кеңінен практикалық тәжірибе мен өзін-өзі зерттеу тәжірибесін алмай, бұл тәсіл жағымдылықты өзінің реакциялары мен мінез-құлқын шартты түрде «жағымды» шектеу ретінде түсіндіруге әкелуі мүмкін [80].

Әр түрлі елдердің зерттеушілер тобы эмоцияларды реттеу стратегияларын адамдардың жас ерекшеліктерімен байланыстырады және олардың эмоционалды икемділікке әсерін атап өтеді [81].

Сонымен, Қытайдан келген авторлар жер сілкінісін бастарынан кешкен жеткіншектердің эмоционалды икемділігін өлшеді. Олар эмоционалды икемділік шкаласын әзірледі және сынады. Зерттеу сонымен қатар 2008 жылы Қытайдың Сычуань провинциясындағы жер сілкінісінен аман қалған жеткіншектердің эмоционалды икемділігі мен психологиялық әл-ауқаты арасындағы байланысты зерттеді. Эмоционалды икемділік пен ауырсынудан қалпына келтіру дәрежесінің корреляциясы эмоционалды икемділіктің екі аспектісі (икеңді эмоционалды жауап беру және аффективті икемділік) мен эксперименттік түрде туындаған ауырсынуға төзімділік арасындағы байланысты зерттеу кезінде зерттелді. Сонымен қатар, эмоциялар арасында

ауысудың қиындықтары анықталды. Авторлар эмоционалды жауаптылықтағы икемділік ауырсынуды тезірек қалпына келтіруге және түсініспеушіліктерді тиімді жеңуге көмектесетінін анықтады.

В. Дэнг және т.б. жеткіншектер қатысқан өз зерттеулерінде эмоцияларды реттеу дағдылары психикалық денсаулықты қорғау үшін қалқан ретінде қызмет ететінін айтты [82].

К.Г. Койфман, Г.А. Бонанно эмоционалды икемділік психологиялық икемділіктің құрамдас бөлігі ретінде өзгеретін эмоционалды жағдайларға икемді жауап беру қабілетін қамтиды деп санайды. Тиісінше, қоршаған ортаның әсеріне сәйкес келетін эмоционалды реакциялар психикалық денсаулықтың маңызды аспектісі болуы мүмкін [83].

Эмоционалды икемділік жеке адамға өзінің мінез-құлқын ішкі бақылауға, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті алуға, эмоцияларды басқаруға, психологиялық кедергілерді жеңуге, жағымды эмоционалды фонды сақтауға мүмкіндік береді; ал когнитивті икемділік шешім қабылдауда жеңілдікті, белсенділікті және өзіндік ерекшелікті, шешімдердегі тәуелсіздікті қамтамасыз етеді [84].

М. Cloitre, С. Khan және т.б. эмоционалды икемділік қандай да бір жолмен эмоционалды интеллектпен жоғары дамудың белгісі ретінде анықталады. Эмоционалды икемділік - бұл мінез-құлық немесе эмоционалды көріністерді шектеу және жолын кесу емес, соңғысын басқару және белсенді өзін-өзі бақылау мағынасында қарастыруға болады [85].

Эмоционалды икемділік – бұл эмоционалды реакцияларды жағымды және жағымсыз өмірлік оқиғаларға бейімдеу қабілеті. Эмоционалды икемді адамдар әртүрлі жағдайларда әртүрлі бейімделу стратегияларын қолданғанда, олар жақсы бейімделеді және өмірдегі қиындықтармен тиімдірек күреседі [86].

Кейбір зерттеушілер эмоционалды икемділікті өзін-өзі бақылаудың баламасы деп санайды және интеллект те, шығармашылық та, тұлға түрі де сәттілікті алдын - ала анықтамайтынын көрсетті. Біздің ойларымыз бен сезімдерімізді қалай басқаратынымыз және ішкі диалогты қалай жүргізетініміз маңызды. Т.В. Kashdan зерттеушілер тобы және оның авторлары мақсаттарға жету және тұрақты әл-ауқат пен өркендеу жолындағы күйзелісті жеңу жағымды да, жағымсыз да барлық эмоциялармен тәжірибемен күресуге байланысты деген қорытындыға келді. Қабылдау, сонымен қатар психикалық денсаулық тұрғысынан тұрақты болуға мүмкіндік береді [87].

Эмоционалды икемділік, ең алдымен, тиісті ынталандырулардың үйлесімінен туындаған ықтимал эмоциялардың барлық спектрін сезіну еркіндігі, сондай-ақ жағымсыз және позитивтілік күйлері арасындағы тепе-теңдік қабілеті мен өмір бойы осы тепе-теңдікті сақтау қабілеті ретінде қарастырылады [88].

Эмоция мәселесі қай кезде болмасын өзінің маңыздылығымен, атқарылатын жеке тұлғаның қызметіне қарай өзіндік көрнісін табуда. Бұл жоғарыда сипатталған эмоциялардың компоненттері мен функциялары әрбір жеке тұлға психологиясы үшін негізгі орынды алады [89].


Жоғарыда жасалған талдауларға сүйене келе, ғылыми тұжырымдар бойынша жасалған қысқаша семантикалық мазмұндар жүйеленді, олар 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Эмоционалды икемділіктің семантикалық мазмұны

№	«Эмоционалды икемділік» түсінігі	Авторлар
1	2	3
1	Эмоционалды экспрессивтілік пен тұрақтылықтың оңтайлы үйлесімі.	Л.М. Митина
2	Шынайы эмоциялар мен сезімдерді көрсету, эмпатия таныту, басқаларға жылулық пен оларға немқұрайлы болмауын көрсету.	Е.М. Семенова
3	Сыртқы ортаның әртүрлі әсерлеріне оңай, тез, икемді, мәнерлі түрде көрсету, эмпатикалық және рефлексиялық іскерлікке ие болу, адекватты эмоционалды жауап беру.	Н.Н. Колмогорцева М.В. Наумова
4	Стандартты емес жағдайда адекватты эмоционалды реакцияға психологиялық дайындық, шынайы қабылдау, дұрыс түсіну, бағалау қабілеті және өз қобалжуларын мәнерлі түрде жеткізе білуі.	С.А. Борисова О.Ю. Кузнецова
5	Жеке тұлғаның қасиеті, ол өзінің және басқалардың эмоционалды күйлерін білу, эмпатия жағдайында өзінің және басқалардың эмоционалды күйлерін басқару қабілетінде көрінеді және эмоцияның сыртқы экспрессивті көрінісі.	М.В. Наумова
6	Эмоционалды тұрақтылық және эмоционалды экспрессивтілік эмоционалды икемділікті құрайды.	Л.М. Митина Е.С. Асмаковец
7	Хабардар болу, қызығушылық, адамның ойына, эмоцияларына және мінез-құлқына қатысты ешқандай алалаушылықтың болмауы.	С. Дэвид К. Конглтон
8	Жақсы эмоционалды икемділік өзін-өзі бағалаудың төмендігі, жеке даму кешендері сияқты көптеген ішкі қиындықтарды жеңуге көмектесетін, депрессиялық және мазасыз күйлердің тиімді реттеушісі, нәтижесінде өмірдің айтарлықтай өзгеруіне әкелетін қасиет.	Д. Гоулман
9	Жағымсыз эмоциялар таным мен мінез-құлық икемділігін төмендететін, жанжалды жағдайлардың алдын - алуға көмектесетін көрсеткіш.	Т. Холлештейн
10	Эмоционалды икемділікті контекстке сәйкес эмоционалды түрде әрекет ету және контекст өзгерген кезде бастапқы эмоционалды реакцияларын қалпына келтіретін тұлғаның қабілеті.	S. Beshai
11	Эмоционалды икемділік психологиялық икемділіктің құрамдас бөлігі ретінде өзгеретін эмоционалды жағдайларға икемді жауап беру қабілетін қамтиды.	К.Г. Койфман Г.А. Бонанно
12	Шынайы эмоцияларды «жандандыру», жағымды эмоцияларды тудыру, жағымсыз эмоцияларды бақылау, яғни мінез-құлықтың икемділігін, стандартты емес, шығармашылықты көрсету.	А.Ж. Акмолдоева
13	Эмоционалды икемділік – бұл өз тәжірибеңізді өнімді түрде пайдалану қабілеті.	К. Флеминг

Эмоционалды икемділіктің құрылымдық-мазмұндық сипаттамасын қарастырған ғылыми зерттеулер біздің өз көзқарасымыз бен анықтамамызды беруге мүмкіндік жасады, бұл үшін эмоционалды икемділіктің семантикалық

мазмұнына байланысты жасалған кесте арқылы өз анықтамамызды толықтыруға негіз болған ғылыми түсініктер төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет 2 – Эмоционалды икемділікке берілген ғылыми түсініктер

Жоғарыда көрсетілген кесте арқылы біз эмоционалды икемділік ғалымдардың зерттеулерінде: эмпатия, рефлексия, эмоционалды күйді басқару, эмоцияның сыртқы экспрессивті көрінісі, стандартты емес жағдайларда адекватты эмоционалды жауап беру, ойлар мен сезімдер икемділігін қарастырғанын көріп отырмыз. Біздің ойымызша, ғалымдар өз зерттеулерінде эмоционалды икемділіктің аспектілерін ғылыми көзқарастары мен зерттеулеріне байланысты қарастырып түсініктерін берген. А.П. Лузганов эмоционалды икемділіктің 6 компонентін көрсету арқылы оны толық сипаттаған, дегенмен ол компоненттерді негізге ала отырып, біз өз анықтамамызға сәйкес оларды толықтырдық. Біз жоғарыдағыларды ескере отырып, компоненттерді толықтырып, келесідей анықтама бердік: эмоционалды икемділік - психологтың жеке басының оқу-білім беру процесінде дамитын интегралды тұлғалық қабілеті екендігін, бұл психологқа өзгертін жағдайларға оңтайлы бейімделуге мүмкіндік беретін, өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну және басқару арқылы стрестік жағдайларда эмоционалды-мінез-құлық және эмоционалды өзін-өзі реттеу қабілеттерінің жиынтығы деп тұжырымдаймыз және бұл үш компонент негізінде жүзеге асырылады, олар: когнитивті, реттеуші, мінез-құлық.

Ол компоненттерді сипаттайық:

Когнитивті компонентке эмоционалды хабардар болу, өзіндік эмоционалды қобалжуларды білу, түсіну, өзіндік мотивация, эмпатия, эмоцияларын басқара білу, басқа адамдармен әрекет жасау, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуді құруға мүмкіндік беретін өзіндік және басқа адамдардың эмоционалды реакцияларын түсіну және басқару, қабылдау дағдылары жатады.

Реттеуші компонент өзін-өзі реттеудің екі стратегиясына тоқталдық-когнитивті қайта бағалау және экспрессияны басу. Когнитивті қайта бағалау - жағдайға деген көзқарастың өзгеруі, бұл эмоционалды жауапты өзгертуге мүмкіндік береді, ал экспрессияны басу арқылы-бұрыннан пайда болған эмоционалды жауаптың сыртқы көріністерін тежеу деп түсіндіріледі.

Мінез-құлық компоненті стресті жеңудегі аффективті қобалжуларды реттеу процесінде өнімді және деструктивті когнитивті стратегияларды білдіреді. Біз бөлген критерийлер студенттердің динамикасындағы психологиялық даярлығының дамуын бағалауға мүмкіндік беретін жеке тұлғалық өсу, мәселеден ойша кету, эмоцияларға шоғырлану, әлеуметтік қолдауды пайдалану, дінге жүгіну, ұстамдылық, қабылдау т.б. критерийлерге негізделген.

1.3 Психологтарды кәсіби даярлау процесінде эмоционалды икемділікті дамыту ерекшеліктері

Алдыңғы бөлімде біз қазіргі отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріндегі адамның эмоционалды икемділігінің құрылымдық және мазмұндық сипаттамаларын зерттеуде әртүрлі көзқарастарды қарастырдық. Осы зерттеу аясында университеттің оқу процесінде болашақ психолог студенттерінің эмоционалды икемділігін дамытуды зерттеу мақсатында психологтың кәсіби қызметінің ерекшеліктері қарастырылады.

Эмоционалды икемділікті зерттеу тәсілдерін талдау зерттелетін қасиет кәсіби қызметтің ерекшеліктерімен анықталатынын көрсетті. Жоғарыда қарастырылған зерттеулерге сүйене отырып, біз болашақ психологтарды кәсіби дайындау процесіндегі эмоционалды икемділіктің даму ерекшеліктерін қадағалаймыз.

Қазақстандағы жоғары білім берудің мақсаты - халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті кәсіби, коммуникативті және ақпараттық құзыреттілігі, шығармашылық әлеуеті және сыни тұрғыдан ойлауы бар жоғары білікті мамандарды дайындау. Осыған байланысты жоғары мектептің білім беру ортасын кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі табысты жүзеге асыру факторы ретінде кәсіби біліктілікті қалыптастыруға, кәсіби дамуға ықпал ететін шығармашылықпен дамитын біртұтас білім беру кеңістігіне айналдыру қажеттілігі туындап отыр. Осы орайда біздің қарастырып отырған мәселеміз, кәсіби қызметтегі ерекшеліктер болып келеді, соның ішінде нақты психология саласындағы кәсіби қызмет. Болашақ маманның кәсіби дайындығы ең алдымен оның болашаққа деген мақсатымен, өзіндік көзқарасымен тығыз байланысты. Студенттің тұлғалық ерекшелігі де бұл жерде ерекше орынды алады.

Студент сонымен бірге оқу-танымдық іс-әрекеттің объектісі және субъектісі болып табылады. Бұл туралы И.Ф. Бережная және т.б. ғалымдар өз еңбегінде қарастырған. Олар объект жеке тұлғаның өзгеруіне бағытталған сыртқы әсерде болған кезде пайда болады, мақсат қою сыртқы әсер болып табылады және мақсаттарға жетудің тәсілдері мен құралдары сырттан беріледі немесе өздігінен анықталады. Субъект-студенттің жеке басының өзгеруі өзін-өзі өзгерту процесінде жүзеге асырылған кезде, оларға қол жеткізудің мақсаттары, әдістері мен құралдары дербес анықталады. Студенттің өзін-өзі жүзеге асыру субъектісі болуының қажетті шарты-оның белгілі бір ішкі ресурстарының болуы. Өзінің болашағының сапасы өзіне байланысты екенін түсіну қабілеті жеткілікті шарт болып табылады, яғни өзін-өзі дамытуға және кейіннен өзінің жеке әлеуетін іске асыруға бағытталған өз іс-әрекетінің өзіндік себебі болу жауапкершілігін қабылдау. Бұл процестің тиімділігі адамның өзінің мүмкіндіктерінен жүзеге асыру ниетін қаншалықты түсінуге, оған қол жеткізуі және сонымен бірге трансценденттеу динамикасы әрқашан сыртқы ситуациялық өзгерістер динамикасынан асып түсуі үшін өзінің ниеттері мен әлеуетті мүмкіндіктерін сыртқы жағдайлармен жеткілікті түрде байланыстыруға қабілеттілігіне байланысты [90].

А.Х.Аренова мен Э.Т. Баярыстанова өз зерттеулерінде болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қарастырған, олардың бүгінгі еңбек нарығында өзінің жұмысын тиімді жоспарлай білетін, алған білімін кәсіби қызметте ұтымды қолдана алатын, түпкілікті нәтижеге жету үшін әртүрлі санаттағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас орната алатын жоғары білікті маманның сұранысқа ие екендігін сипаттаған. Осыған орай кәсіби білім беру үрдісі де өзгеріп, маман даярлаудың мақсаты мен мазмұнын, нәтижесін айқындауда құзыреттілік тәсілдеме жетекші парадигмаға айналды. Оның басты міндеті – болашақ маманды сапалы білім, білік, дағдылармен қамтамасыз етумен қатар, кәсіби-тұлғалық дамуына жағдайлар жасау, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру екендігін де атап кеткен. [91].

Қазіргі қоғамдағы психолог - маманның рөлін анықтау үшін ауқымды мәселелерді шешуге осындай мамандарды қатыстыру аса маңызды. Психологтың кәсіби іс-әрекетінің түбегейлі үш түрі бар: психолог-оқытушы, психолог-зерттеуші, психолог-практик.

Эмоционалды сапалар адамның кәсіби қызмет аймағын таңдауда және оның жеке стилін қалыптастыруға қатысып, адамның жалпы өмірлік әрекетінің сапасын бейнелейді. Жоғары оқу орнындағы оқыту формалары, әдістер, интеллектуалдық қызмет мазмұнын бекітетін аса жоғары талаптар студенттердің жүйке жүйесіне шамадан артық күш түсіріп, оқу нәтижесіне ықпалы етеді [92].

Психолог ретінде табысты жұмыс істеу үшін қажетті негізгі қасиеттердің бірі – эмоционалды икемділік. Эмоционалды икемділік – бұл ойлаудың немесе жауап берудің белгілі бір тәсіліне байланбай, әртүрлі эмоционалды жағдайларға бейімделу қабілеті. Ол өз клиенттерінің әртүрлі эмоционалды күйлері мен проблемаларына тап болады. Оларға эмоционалды бейімделу

кабілеті психологқа өз клиенттерін жақсы түсінуге және қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Олар өздерінің жеке басын жоғалтпай, басқа адамдардың эмоцияларын түсініп, эмпатияға ие болуы керек.

Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамыту бойынша зерттеу барысында **біз тұтас бағытқа** сүйендік. Бұл тәсілдің негізгі маңыздылығын В.А.Сластенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов қалыптастырды, оған сәйкес «бүтіннің қасиеттері оның элементтерінің қасиеттерінің жиынтық туындысы емес. Сонымен қатар, оның нақты өмірінде көрінетін бүтіннің қасиеттері оның элементтерінде мүлдем болмауы мүмкін. Олар механикалық қосудың емес, элементтердің қасиеттерінің күрделі өзара әрекеттесуінің салдары. Жүйе өз компоненттеріне белсенді әсер етеді, оларды сәйкесінше өз табиғатына айналдырады. Бір компоненттің өзгеруі сөзсіз басқа компоненттерде және бүкіл жүйеде өзгерістер тудырады» [121].

Тұтас бағыт бізге болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін жоғары оқу орнында оқыту жағдайында, оның барлық компоненттерінің жиынтығында дамытуға мүмкіндік берді.

Құзыреттілік бағыт білім беру мақсаттарын айқындаудың, мазмұнын іріктеудің, білім беру процесін ұйымдастырудың және білім беру нәтижелерін бағалаудың жалпы қағидаттарының жиынтығын көздейді. Тұлға қасиеттерінің интеграцияланған сипаттамасы-белгілі бір аймақтарда қызметті орындау үшін білім алушыны даярлаудың нәтижесі саналатын құзыреттілік болып табылады.

Құзыреттілік дегеніміз-жеке қасиеттердің интеграцияланған сипаттамасы, адамды қызметті жүзеге асыруға дайындаудың нәтижесі: қажетті жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, өзін-өзі анықтау, әлеуметтену, белгілі бір салаларды дамыту.

«Құзыреттілік бағыт-бұл білім берудің даралық нәтижелері мен өзін-өзі іске асыруға басымдық беретін бағыт. Бұл бағыт білім беру жүйесін қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес дайындық сапасын қамтамасыз етуге бағыттайды, бұл жеке тұлғаның қоғамдық қызметке интеграциялану қажеттілігіне ғана емес, сонымен бірге қоғамның жеке тұлғаның әлеуетін пайдалану қажеттілігіне де сәйкес келеді» [122].

Құзыреттіліктерді игеру жеке оқу пәндерін, циклдарды, модульдерді және жалпы кәсіптік және арнайы пәндерге біріктірілген дидактикалық бірліктерді зерттеу кезінде де жүреді. Демек, құзыреттілік көзқарасты жоо студенттерінің эмоционалды икемділігін дамыту бағытында қолдану орынды болып табылады.

Біздің зерттеудің әдіснамалық негізі келесі **принциптер** болды:

- ғылымилық принципі болашақ психологтардың кәсіби қызметтегі эмоционалды икемділігінің мазмұндық жағының қазіргі ғылыми жетістіктерге сәйкестігін болжайды;

- білім беру ортасын кәсібилендіру принципі, ең алдымен, университеттің білім беру ортасында алдағы кәсіби қызметке жақын жағдай жасауды, яғни психологтың қандай да бір қызмет түрлері бойынша нақты мәселелерді жағдайға байланысты модельдеуге мүмкіндік беруді көздейді;

- тұтастық принципі модельдің әр элементінің барлық басқа элементтермен тығыз байланысы болып табылады, бұл тұтастықты қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- ашықтық принципі моделдің білім беру мекемесіндегі болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамыту процесінде сыртқы ортамен даму және өзара әрекеттесу қабілетінде көрінеді;

- әзірленген моделдің динамикалық (даму) принципі зерттелетін процестің үнемі өзгеруін, оны жаңа мазмұнмен толықтырылуын қамтиды;

- үздіксіздік принципі, оқытудың барлық кезеңдерінде болашақ психологтардың динамикалық мониторинг күйімен жетістіктерінің бірізділігіне қажетті психологиялық және педагогикалық көмек көрсетуді көздейді;

- интегративтілік принципі эмоционалды икемділік компоненттері мен оның даму шарттары арасындағы байланысты орнатуды, қойылған мақсатқа сәйкес болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың

ұйымдастырушылық формалары, құралдары мен әдістерін интеграциялауды білдіреді;

- оқытудың тәжірибеге бағдарлану принципі болашақ психологтардың оқу қызметі, тәжірибесі барысында оларды кәсіби ортаға енгізу кезінде эмоционалды икемділігін дамытуды, сондай-ақ оқытудың тәжірибеге бағдарланған әдістерін қолдануды көздейді. Сонымен қатар, бұл принципті қолдану әртүрлі циклдардың пәндерін контекстік зерттеумен, арнайы курстар және тренингтерді өткізу мүмкіндігімен байланысты.

Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін құбылыс ретінде дамыту, біздің көзқарасымыз бойынша, адамның сыртқы әлеммен қарым-қатынасының барлық салаларын қамтығанмен, аталған қатынастардың бірінде ғана қалыптаса алмайды. Біз эмоционалды икемділікті болашақ психологтың білім беру қызметінің субъектісі ретіндегі, субъект-субъектілік қатынастар негізінде бейімделу мүмкіндіктерін кеңейтуді қамтамасыз ететін психологиялық сипаттамасы ретінде қарастырамыз.

Біз үшін эмоционалды икемділік-бұл өз эмоцияларын және басқалардың эмоцияларын түсіну арқылы стрестік жағдайларда эмоционалды реттеу мен эмоционалды мінез-құлықты реттеудің дамып келе жатқан қабілеттерінің тобы. Басқаша айтқанда, эмоционалды икемділік - бұл қоғам жағдайында эмоцияларды түсіну мен басқарудың дамып келе жатқан қабілеттеріне негізделген эмоционалды - әлеуметтік салада жинақтаған тәжірибенің бір түрі.

Соныменен, кәсіби қызметтегі эмоционалды икемділік болашақ психологқа жетістіктің жоғары көрсеткішін қамтамасыз етеді.

Ұйымдастырушылық-құрылымдық блок үш компоненттің жиынтығын білдіреді: когнитивті, реттеуші және мінез-құлық компоненттері.

Когнитивті компонентке өзіндік қобалжуларды білу, түсіну, басқа адамдардың эмоционалды қобалжу ерекшеліктері, эмоция мазмұнын анықтай білу дағдысы, эмоционалды күймен қобалжуды тани білу, жаны ашу, басқа адамдармен әрекет жасау, сондай-ақ әлеуметтік мінез-құлықты, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуді құруға мүмкіндік беретін өзіндік және басқа адамдардың эмоционалды реакцияларын түсіну және басқару дағдылары жатады. Когнитивті компонент адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы түсініктерді, сондай-ақ өзара әрекеттесудің серіктесі ретінде басқаның эмоционалды әлемінің бейнесін қамтиды.

Реттеуші компонент уақыт бойынша дамып келе жатқан эмоционалды жауаптың әртүрлі кезеңдеріне сәйкес келетін реттеуші стратегиялардан тұратын эмоционалды өзін-өзі реттеуді қамтиды: 1) жағдайды таңдау; 2) жағдайдың модификациясы; 3) зейінді ауыстыру; 4) танымды өзгерту; 5) жауапты өзгерту. Аталған моделдің негізіне эмоцияның туындау процесінің тұжырымдамасына негізделген, оған сәйкес эмоциялар эмоционалды сигналдарды бағалаудан басталады. Реттеуші стратегиялар; болдырмау, өз құқықтарын қорғау, алаңдаушылық, қайта бағалау, жағымсыз эмоцияларды басу. Біз эмоционалды өзін-өзі реттеудің екі стратегиясына тоқталдық-когнитивті қайта бағалау және экспрессияны басу. Когнитивті қайта бағалау -

жағдайға деген көзқарастың өзгеруі, бұл эмоционалды жауапты өзгертуге мүмкіндік береді, ал экспрессияны басу арқылы-бұрыннан пайда болған эмоционалды жауаптың сыртқы көріністерін тежеу деп түсіндіріледі.

Эмоционалды икемділіктің **мінез-құлық компоненті** стресті жеңудегі аффективті қобалжуларды реттеу процесінде өнімді және деструктивті когнитивті стратегияларды білдіреді. Айта кету керек, өзгермелі болуы мүмкін ситуациялық копинг-стратегиялары, сондай-ақ осы стратегиялардың негізінде жатқан тұлғалық жауап беру стильдері үшін олар жеке жүйені құрайды. Жағдаяттық копинг-стратегиялары сәтті бейімделуге ықпал етуі мүмкін – «тиімді» стратегиялар немесе бейімделуге кедергі келтіретін және бейімделмейтін – «деструктивті» стратегиялар әсерлерін күшейтуі мүмкін. Біз бөлген критерийлер студенттердің динамикасындағы психологиялық даярлығының дамуын бағалауға мүмкіндік береді.

Диагностикалық дамытушы блок

Модельдің диагностикалық блогы студенттердің эмоционалды икемділігін диагностикалау әдістемесін және оны бағалау критерийлерін білдіреді. Эмоционалды икемділігін дамытуына психологиялық-педагогикалық жағдайларды және болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытуға бағытталған топтық және жеке сабақтар түрінде жүзеге асырылатын дамытушы интерактивті технологиялардың әдіснамалық негізделген, арнайы таңдалған жүйесін қамтиды. Мұнда 1. Н. Холлдың «Эмоционалды интеллект» әдістемесі; 2. Дж. Гросс ұсынған ERQ сауалнамасы; 3. Д.В. Люсиннің «Эмин» эмоционалды интеллект сауалнамасы; 4. COPE стресті жеңу сауалнамасы.

К. Карвер, М. Шейер және Дж. Вейнтрауб, анкета «Психологтың эмоционалды икемділігі» атты арнайы курсы мен тренингтерге баға беру; әдістер: дамытушы интерактивті технологиялар, тренингтік іскерлік ойындар, топтық пікірталас, эссе, жағдайды талдау, жаттығулар, «Case-study» әдісі, миға шабуыл, арт-терапия техникалары; құралдар: арнайы авторлық курс «Психологтардың эмоционалды икемділігі»; психологиялық тренинг «Эмоционалды икемділікті дамыту»; оқу-әдістемелік құрал «Эмоционалды икемділік»; формасы: аудиторияда және аудиториядан тыс сабақтар: дәріс, семинар, аралық бақылау, практикалық сабақтар, өздік жұмыстар.

Психологиялық-педагогикалық талаптар: студенттердің қатысуы, қызығушылығы, ішкі мотивациясы, эмоционалды икемділікті дамыту процесінде студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау; эмоционалды икемділікті дамыту процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, білім берудің барлық субъектілері арасында қолайлы психологиялық ахуал жасау және сенімді жағдай орнату; арнайы курс шеңберінде студенттерді ақпараттандыру; тренингтік жаттығулар кешенін логикалық бірізділікпен енгізу; оқу-танымдық іс-әрекетті кәсіби іс-әрекетке трансформациялау арқылы болашақ психолог кәсіби қызметті дербес, үздіксіз және жүйелі меңгеруге жақын болады, студенттердің психоэмоционалды күйінің рефлексиясы, студенттердің эмоционалды икемділік туралы түсініктері мен қажеттіліктері.

Эмоционалды икемділік өзгермелі эмоционалды күйлерге бейімделу, оларды қарсылықсыз қабылдау және оларды тиімді басқару қабілетін білдіреді. Эмоционалды икемділіктің *деңгейлерін* келесідей анықтауға болады:

Төмен: бұл деңгейге ие адамдар өздерінің эмоциялары туралы аз хабардар болуы және оларды тануы қиын болуы мүмкін. Олар өз эмоцияларын басуға немесе жоққа шығаруға тырысады, бұл стресс пен психологиялық мәселелерге әкеледі. Осы деңгейдегі адамдар өздерінің эмоцияларын басқаруда қиындықтарға тап болады, көбінесе олардың мінез-құлқы мен реакцияларын басқара алмайды. Адамдар үйреншікті эмоционалды жауаптарға тәуелді болып, жаңа жағдайларға бейімделуі қиынға соғуы мүмкін, сондай-ақ өз эмоцияларын білдіру және басқаларды түсіну қиын, бұл қақтығыстар мен түсінбеушіліктерді тудыруы.

Орташа: бұл деңгейдегі адамдар өздерінің эмоцияларын білуге қабілетті, бірақ кейде оларды анықтау қиын. Олар өздерінің эмоцияларын қабылдаудың маңыздылығын түсіне бастайды, бірақ кейде қарсылықтың тұзағына түседі. Өздерінің эмоцияларын басқару дағдыларын дамыта бастайды, бірақ кейде ашуланшақ реакцияларын көрсетеді. Қарым-қатынас және тұлғааралық икемділік дағдыларын жетілдіре алады, дегенмен кейде олар қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Жоғары: эмоционалды икемді адамдар өздерінің эмоцияларын, тіпті күрделі және қарама-қайшылықты да оңай таниды және түсінеді.

Эмоционалды икемді адамдар өздерінің эмоцияларын қарсылықсыз қабылдай алады, олардың адам тәжірибесінің қалыпты бөлігі екенін түсінеді. Эмоционалды икемді адамдар өздерінің эмоцияларын тиімді басқара алады, олардың қарқындылығы мен ұзақтығын реттей алады, бұл оларға дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Өзгерістерге бейімделуі мүмкін, бірақ кейде олардың эмоционалды икемділік деңгейі шектеулі. Эмоционалды икемді адамдар әртүрлі жағдайларға оңай және өзгерістерге тез бейімделеді. Эмоционалды икемді адамдар басқалармен тиімді қарым-қатынас жасай алады, өз сезімдерін жеткізе алады және басқалардың эмоцияларын түсінеді, бұл үйлесімді қарым-қатынасқа ықпал етеді.

Нәтижелік блок

Моделдің нәтижелі блогы аналитикалық функцияны орындайды.

Осы құрылымдық-мазмұндық моделге сәйкес университеттегі дайындық процесінің нәтижесінде өзгермелі жағдайларға және эмоционалды күйлерге оңтайлы бейімделуге, оларды қарсылықсыз қабылдауға және тиімді басқара білетін эмоционалды икемділігі бар психолог.

Осы арқылы білім беру ұйымындағы болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделді тұтас, интеграцияланған, байланысты блоктарды қамтитын білім ретінде қарастырамыз: мақсатты; теориялық-әдіснамалық; ұйымдастырушылық-құрылымдық; диагностикалық-дамытушы; нәтижелі блоктары.

Мұның бәрі білім беру ұйымындағы болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың мақсатты процесін нақты көрсетуге, мақсаттың түпкілікті нәтижесінің сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді.

2.3 Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың кешенді бағдарламасы

Бұл бөлімде болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытудың кешенді бағдарламасы бойынша жұмыс бағыттары қарастырылады.

Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытуға бағытталған кешенді бағдарламасы - студенттердің эмоционалды икемділігін дамытуға арналған психологиялық іс-шаралар кешені болып табылады.

Бағдарлама мақсаты: болашақ психологтарға эмоционалды икемділік туралы теориялық білім беру және практикалық тұрғыда оны дамыту.

Бағдарлама міндеттері:

1. Эмоционалды икемділік туралы түсініктерін арттырып, ғылыми-теориялық білім беру;

2. Эмоционалды икемділіктің болашақ кәсіпке қажеттілігі туралы көзқарастарын қалыптастыру;

3. Эмоционалды икемділікке бағытталған практикалық жұмыстар негізінде эмоционалды икемді болу дағдыларын дамыту;

4. Эмоционалды икемділіктің даму деңгейін эксперименттік анықтау.

Бағдарлама құрылымы бойынша екі бөлімді қамтиды: теориялық және практикалық.

Теориялық бөліміне оқу процесіне енгізілген «Психологтардың эмоционалды икемділігі» атты арнайы курс, ал практикалық бөлімге «Эмоционалды икемділікті дамыту» атты тренинг бағдарламасы кіреді.

Арнайы курс оқыту үдірісін ұйымдастыруда, болашақ психологтардың эмоционалды икемділіктерін дамытуға барынша ықпал ететін бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет (БДТІ) формасы іріктеліп алынды. Бұл С.М. Джакуповтың ұсынған концепциясы бойында жүзеге асырылады. БДТІ түрі бойынша ұйымдастырылған тренингтер мен жаттығулар болашақ психологтың жеке басын мінез-құлқын қалпына келтіруге әсер етеді, оның жаңа үлгілерін береді [123].

Танымдық процесті жандандыратын және «семантикалық білім берудің жалпы қорын» құру арқылы коммуникативті өзара әрекеттесу түрінде жүретін қызметтің бұл түрі студенттердің жеке ерекшеліктерінің өзгеруінде эмпирикалық түрде көрінетін эмоционалды икемділік компоненттерін қайта қарастыруға (мотивациялық - құндылық компоненттерін қайта қарастыруға) ықпал етеді. Қатысушылардың семантикалық өзара әрекеттесуі негізгі психологиялық механизмі болып табылатын БДТІ - ке сүйене отырып оқыту, ең алдымен, құндылық-мотивациялық саладағы өзгерістерге және сәйкесінше түлғаның эмоционалды аймағының өзгерістеріне ықпал етеді.

Болашақ психологтарға эмоционалды икемділіктің адам іс-әрекетіндегі, психолог қызметіндегі рөлі туралы толық ақпараттар оқылған дәрістер арқылы

ұсынылды. Дәріс және семинар сабақтары мазмұны жағынан бір – бірімен байланысқан. Олар болашақ психологтарға өзін және оларға көмекке жүгінуші адамдарды тереңірек түсінуге және білуге мүмкіндік беретін технологиялық әдістерді ұсынады. Эмоционалды технологияларды қолдану, ауызша және вербалды емес мінез-құлық әдістерін қолдану студенттердің мінез-құлық сапасын өзектендірді.

«Психологтардың эмоционалды икемділігі» атты арнайы курс барысында олар дәстүрлі түрде дәріс, семинар сабақтарына қатысып, өздік жұмыстар орындайды.

Дәріс сабақтарында алған білімдерін өзектендіру, тереңдету және бекіту мақсатында арнайы курста қарастырылған сабақтардың басқа түрлері ұйымдастырылды. Сабақтар басқа пәндермен қатар оқу процесінің заңдылығына сай жүргізілді. Арнайы курсты оқыту барысында ақпараттық шолу, проблемалық, бинарлы дәрістер, алдын-ала жоспарлы түрде құрылған қателер, конференция – дәріс, кеңес беру түрінде дәрістер ұйымдастырылып жүзеге асырылды.

Семинар, өзіндік жұмыс барысында біз дәстүрлі және инновациялық технологияларды қолдана отырып, студенттердің эмоционалды икемділігін дамыту және оқу дағдыларын жетілдіру үшін келесі әдістерді қолдану арқылы жағдай жасалды. Атап айтқанда: «Case-study», топтық пікірталас, ойындар мен жаттығулар, топтық және жұптық талқылау, өзін-өзі диагностикалау, рөлдік ойындар, көпшілік алдында презентациялар көрсету, баяндама, эссе, өзіндік есептер жазу, проблемалық жағдайларды моделдеу және талдау, рефлексиялау, сыни және проблемалық ойлау, сұрақтар қою, эмоционалды икемділік мәселесі бойынша әдеби дереккөздерге сыни шолу мен бағалау, ақпаратты іздеу және өңдей білуде икемділік дағдыларын жетілдіріп түрлі мәселелері бойынша тапсырмаларды өз бетінше орындау жұмыстары жүзеге асырылды. Әр сабақтың соңында студенттерге негізгі және қосымша әдебиеттер ұсынылды. Барлық өткізілген сабақ формалары мен әдістері болашақ психологтардың эмоционалды икемділіктерін дамытуға бағытталды.

Шығармашылық тапсырмалар, эссе жазу, өзіне өзі есеп беру, портфолио жасау түрінде орындалды. Мұндай тапсырмалар - өз ойларын өзіндік, дәйекті және құрылымды тұжырымдау, танымдық мотивацияны өзектендіру, шығармашылық әлеуетті іске асыру, эмоционалды копинг-ресурсын жетілдіру қабілетін дамыту мақсатын көздеді.

Қатысушылар ұстануға тиіс ойынның рөлдері мен сюжеті өзін-өзі тәрбиелеуді жақсартуға ықпал етіп, салауатты бәсекелестікке, шығармашылыққа және белсенді өзін-өзі көрсетуге, әлеуметтік нормалар мен көзқарастарды игеруге, эмоционалды икемділікті дамытуға мүмкіндік берді. Ойын оңтайлы әл-ауқатқа, белсенділікке және қарым-қатынасқа кедергі келтіретін жағымсыз тәжірибелер мен шиеленістерді жеңуге көмектесе білді.

Студенттер түрлі мәселелерді белсенді талқылау арқылы проблемалық-бағдарланған копинг дағдыларын жетілдіріп, қиын жағдайдың туындауына алып келген себептерді жан - жақты талдауға және негіздеуге үйренді.

Бұл жұмыстардың барлығы эмоционалды икемділік туралы құзыреттіліктері мен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әр сабақтың соңында студенттерге негізгі және қосымша әдебиеттер ұсынылды. Барлық өткізілген сабақ формалары мен әдістері болашақ психологтардың эмоционалды икемділіктерін дамытуға бағытталды.

Сонымен қатар, оқу-әдістемелік материалды таңдау, сабақтарды жоспарлау, тапсырмаларды қою және студенттерді бағалау кезінде біз жеке тапсырмаларды, көп деңгейлі тестерді, оқу ақпаратын берудің және бағалаудың әртүрлі тәсілдерін ұсына отырып, оқу материалын игеру және меңгеру тәсілдеріндегі жеке айырмашылықтарын ескердік.

Жоғарыда сипатталған жұмыс бағыттары бойынша оқу-әдістемелік кешен құрылып оның тақырыптары зерттеу мазмұны бойынша құрылды (төменде 2 кестеде).

Кесте 2 – «Психологтардың эмоционалды икемділігі» арнайы курсының тақырыптық мазмұны

№	Тақырыптар
1	2
1	Пәнге кіріспе
2	Отандық және шетелдік зерттеулердегі эмоционалды икемділіктің ғылыми-теориялық негіздері
3	Эмоционалды икемділіктің құрылымы және оның психологиядағы сипаттамасы
4	Эмоционалды өзін – өзі реттеу эмоционалды икемділіктің негізі ретінде
5	Копинг-стратегиялары стрестегі мінез-құлықтың өзін-өзі реттеу факторлары ретінде
6	Эмоционалды экспрессия -эмоционалды икемділіктің көрінісі ретінде
7	Эмоционалды икемділік және эмоционалды интеллект
8	Эмоционалды құзыреттілік пен икемділіктің байланысы
9	Эмоционалды икемділік - психологтың негізгі кәсіби сапасы ретінде
10	НЛБ әдісі эмоционалды икемділікті дамыту бағыттарының бірі ретінде
11	Психологиялық тренингтер эмоционалды икемділікті дамыту формасы ретінде.
12	Эмоционалды икемділікті арттыруға бағытталған арт-терапия техникалары
13	Эмоционалды ригидтілік -эмоционалды икемділік болмауының көрінісі
14	Эмоционалды икемділікті дамыту жолдары.
15	Кәсіби қызметтегі эмоционалды икемділіктің маңыздылығы

Арнайы курстың дәріс сабақтарының қысқаша мазмұны

Тақырып 1. Пәнге кіріспе (Пәннің мазмұны мен оқу процесіндегі рөлі Эмоционалды икемділік психологиялық зерттеудің пәні ретінде. Эмоция, икемділік, эмоционалды икемділік ұғымы).

Тақырып 2. Отандық және шетелдік зерттеулердегі эмоционалды икемділіктің ғылыми-теориялық негіздері (Эмоционалды икемділікті зерттеудің теориялық негіздері. Эмоционалды икемділік зерттеу мәселесі. Тұлға іс-әрекетінде эмоционалды икемділіктің көрінуі).

Тақырып 3. Эмоционалды икемділіктің құрылымы және оның психологиядағы сипаттамасы (Эмоционалды икемділік құрылымына жасалған ғылыми талдаулар. Эмоционалды икемділік құрылымындағы эмоциялар. Эмоционалды тұрақтылық және эмоционалды экспрессивтілік-эмоционалды икемділіктің құрылымы ретінде (Л.М. Митина., М.В. Наумова)).

Тақырып 4. Эмоционалды өзін-өзі реттеу эмоционалды икемділіктің компоненті ретінде (Эмоционалды өзін - өзі реттеу туралы түсінік. Эмоционалды икемділік пен эмоционалды өзін-өзі реттеудің өзара байланысы. Эмоционалды өзін - өзі реттеуді қалыптастыру және дамыту).

Тақырып 5. Копинг-стратегиялары стрестегі мінез-құлықтың өзін-өзі реттеу факторлары ретінде (Стрестегі мінез-құлық көрінісі. Стресс және оны жеңу жолдары. Копинг-мінез-құлық стратегиясы. Стресс кезінде өзін-өзі реттеу факторлары. Стресті жеңу техникалары).

Тақырып 6. Эмоционалды экспрессия -эмоционалды икемділіктің көрінісі ретінде (Эмоционалды экспрессия туралы жалпы түсінік. Эмоционалды экспрессияны көрсетудегі икемділік. Эмоционалды экспрессия эмоционалды икемділікті дамытушы фактор ретінде).

Тақырып 7. Эмоционалды икемділік және эмоционалды интеллект (Адам өміріндегі эмоциялардың рөлі. Эмоционалды интеллект психологиялық құбылыс ретінде. Эмоционалды икемділік пен эмоционалды интеллекті байланыстыратын психологиялық қасиеттер. Өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын білу, түсіну және басқару эмоционалды икемділікті дамытудың негізі ретінде).

Тақырып 8. Эмоционалды құзыреттілік пен икемділіктің байланысы (Эмоционалды құзыреттілік бойынша жасалған ғылыми талдаулар. Эмоционалды құзыреттілік пен эмоционалды икемділіктің арақатынасы. Эмоционалды құзыреттілік - бұл эмоция туралы хабардар болу қабілеті. Эмоционалды құзыреттілік компоненттері. Тұлға іс-әрекетінде эмоционалды құзыреттіліктің көрінуі).

Тақырып 9. Эмоционалды икемділік - психологтың негізгі кәсіби сапасы ретінде (Психолог қызметіндегі эмоционалды икемділік. Эмоционалды икемділікті дамыту психолог қызметінде эмоционалды қажудың алдын алуы. Тұлғаның кәсіби деформациясын жеңу ресурсы ретінде эмоционалды икемділікті дамыту. Оқу-кәсіби қызмет процесінде болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін арттыру).

Тақырып 10. НЛБ әдісі эмоционалды икемділікті дамыту бағыттарының бірі ретінде (НЛБ әдісі туралы түсінік және эмоциямен жұмыс жасаудағы

ерекшелігі. Эмоционалды икемділікті дамытуда НЛБ әдісінің рөлі. Эмоционалды икемділікке бағытталған НЛБ техникалары).

Тақырып 11. Эмоционалды икемділікті арттыруға бағытталған арт-терапия техникалары. (Арт – терапия техникасының эмоциямен жұмыс жасаудағы рөлі. Эмоционалды икемділікті дағдыларын қалыптастыруда арт – терапияның тиімді техникалары).

Тақырып 12. Психологиялық тренингтер эмоционалды икемділікті дамыту факторы ретінде. (Тренинг – эмоционалды икемділігін дамытудың бір түрі ретінде. Психологиялық тренингтердің эмоциямен жұмыс жасаудағы рөлі. Эмоционалды икемділікті дамытуға бағытталған жаттығулар. Тренинг барысында эмоционалды икемділікті дамыту жолдары).

Тақырып 13. Эмоционалды ригидтілік эмоционалды икемділік болмауының көрінісі. (Эмоционалды ригидтілік туралы түсінік. Эмоционалды ригидтіліктің көрінуі. Эмоционалды ригидтілік - эмоционалды икемділік дамуына кері әсер етуші фактор ретінде).

Тақырып 14. Эмоционалды икемділікті дамыту жолдары (Эмоционалды икемділікті дамыту техникаларына сипаттама. Эмоционалды икемділікті күнделікті өмірде дамытуға бағытталған техникалар. Эмоционалды икемділікті дамытуға арналған техникалар арқылы эмоционалды икемді болу дағдысын арттыру).

Тақырып 15. Кәсіби қызметтегі эмоционалды икемділіктің маңыздылығы (Кәсіби қызметте эмоционалды икемділіктің көрінуі. Кәсіби қызметтегі түрлі мәселелерді шешуде эмоционалды икемділіктің маңыздылығы. Эмоционалды икемділік нәтижелі кәсіптің көрінісі.)

Практикалық бөлім

«Эмоционалды икемділікті дамыту» кешенді бағдарламасының практикалық бөлімі психологиялық тренинг негізінде жүзеге асырылды. Тренинг тақырыптары эмоционалды икемділіктің құрылымдық-мазмұндық сипатына қарай 3 модульге бөлінді.

Психологиялық тренингтердің мақсаты – болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамыту.

Міндеттері:

1. Эмоционалды икемділікті дамыту құралы ретінде психологиялық тренинг бағдарламасын жүзеге асыру;
2. Эмоционалды икемділікке бағытталған тренингтерді ұйымдастыру;
3. Болашақ психологтардың психологиялық тренингке қатысу мотивацияларын арттыру;
4. Тренингке қатысушылардың субъективті әл-ауқатын жақсарту және психикалық денсаулығын нығайту;
5. Эмоционалды икемділікті дамытатын нақты техникаларды жүзеге асыру;
6. Студенттердің эмоционалды икемді болу дағдыларын қалыптастыру.

Тренингке енгізілген жаттығулар жүйесі өзін-өзі тануға, өзінің эмоционалды жағдайын реттеуге, мазасыздықты жеңілдетуге және қобалжуды

төмендетуге ықпал ететін жағдайлар жасауға бағытталған. Мұның бәрі таңдалған кәсіби даму жолын уақытында түзету үшін қажет.

Тренингке қатысушы топ: 6В03115 «Психология» білім беру бағдарламасының 3 курс ПС-001,003 топтары. Барлық қатысушылар саны 40 студент, олар үш топты құрады: 1-топ 13, 2-топ 13, 3-топ 14 студенттен құралды.

Тренинг өткізу шарттары топ мүшелерінің мінез-құлқына әсер ететін ережелер жиынтығын қамтыды:

- сенімді атмосфераны құру;
- еріктілік;
- «мұнда және қазір»;
- пікірталас мәселелерін ашық талқылау;
- қатысушылардың әрқайсысын қатыстыру, «істей алмаймын», «білмеймін» деген сөздерге тыйым салу;
- кеңес бермеуді, баға бермеуді, жеке тұлғаны емес, іс-әрекеттерді, сезімдерді бағалауды үйрету;
- кері байланыс: жақсы немесе керісінше ұнамаған жағын айту;
- басқа да ережелер.

Тренингті құрудың әдістемелік сызбасы мыналардан тұрды:

а) тренингке қатысушылардың мінез-құлқын объективтендіру, яғни бақылаудың бейсаналық немесе импульсивті деңгейінен саналы деңгейге ауыстыру;

б) жанжалды жағдайларда тұлғааралық өзара әрекеттестікте эмоционалды жағдайды түзету, өзара түсіністік жолдары мен тәсілдерін оңтайландыру;

в) кері байланыс және рефлексия механизмі.

Тренингтің процедуралық жағы келесі кезеңдерді қамтыды:

1. Дайындық кезеңі. Бұл кезеңде қатысушылар тренингтің мақсат, міндеттерімен танысады, топтық жұмыстардың принциптері қабылданады, қатысушылардың бір-бірі туралы көзқарастары қалыптасады.

2. Мотивациялық кезең қатысушыларда жаңа білімді белсенді игеруге, өзін-өзі реттеуге, бақылауға және қарым-қатынастың ұтымды тәсілдерін игеруге мотивация құруды қамтыды.

3. Өзін-өзі диагностикалау кезеңі. Әр қатысушы өзінің ерекшеліктерін объективтендіруге және көрсетуге мүмкіндік алды. Топтық жұмыс өз «Меніне» жетуге және әрі қарай өзін-өзі диагностикалауға мүмкіндік берді.

4. Оқу кезеңі өзара түсіністікке қол жеткізуді, басқалардың эмоционалды жағдайы мен мінез-құлқын психологиялық тұрғыда түсіндіруде болашақ психологтардың тәжірибесін тереңдетуді қамтыды.

Тренингті жүргізудің нәтижесі шешуші дәрежеде топта жалпы қабылданған қағидаттардың сақталуына байланысты болды. Олардың негізгілері тренингтің принциптері, олар: психиканы зерттеудің жүйелілігі мен кешенді сипаты; гуманизм; жеке көзқарас; алдын алу; ғылыми; даму; белсенділік; қауіпсіздік, сабақтардағы белсенділік; белсенді кері байланыс; «мұнда және қазір»; қарым-қатынастағы сенімділік принциптері.

Тренингтегі белсенділік принципі топтың барлық қатысушыларының нақты бір ақпарат алуда ойланып, нақты жағдаятта қарым-қатынасқа түсіп, жеке өзара әрекеттесу стратегиясын оңтайландыруда белсенділік көрсетуін қамтыды.

Белсенділік принципі кері байланыс принципімен тығыз байланысты. Кері байланыс арқылы біз тренингтік топтың әрбір мүшесінің әртүрлі мәселелерді шешудің мағынасын, тәсілдерін, өзіндік іс-әрекет пен қарым-қатынас стилін, арнайы моделденген ойын жағдайларындағы белгілі бір мінез-құлық әдістерінің салыстырмалы тиімділігін, сабақтарда қойылған міндеттерді орындаудың сәтті болуы туралы өз ойларын ашық, дәлелді және сындарлы түрде айтуы деп түсіндік.

Кері байланысты белсенді қолдану арқылы тренингке қатысушылар басқа адамдардың көзімен олардың қарым-қатынас тәсілін, жеке әңгімелесу стилін, ойлау мен талдауын, белгілі бір жеке мінез-құлық реакцияларын қалай қабылдайтынын білуге ерекше мүмкіндік алды.

«Мұнда және қазір» принципі ұстану тренинг жүргізушісінің топтық жұмысқа енгізетін шектеулерімен байланысты болды. Тренинг барысында қатысушылардан байқалған жеке көріністер мен қарым-қатынас сипаттамаларын талқылауға жатты.

Тренингтің негізгі принциптерінің бірін сақтау қатысушыларды мақсатты бірлескен – диалогтік жұмысқа бағыттап, тек «жағдайға» қатысушы ғана емес, топтың барлық мүшелері үшін маңызды материалды талқылауға мүмкіндік берді.

Бұл эмоционалды қосылуды және іс-әрекетке деген мотивті арттыруға мүмкіндік берді. «Мұнда және қазір» принципі қатысушылардың кез-келгенінің топтық жұмыстан «психологиялық кетуін», оның өз атына айтылған сөздерге немесе сынға қатысты иеліктен шығарылған ұстанымын жоққа шығарды.

Тренингтердің тиімділігі, көбінесе қарым-қатынастағы сенімділік принципінің сақталуына тәуелді болып келеді. Топтағы тек сенімді, жағымды ахуал барлық талқыланатын мәселелерге қатысты қатысушылардың нормативті емес және шынайы мәліметтерін талқылауға мүмкіндік берді. Дамытушы жұмыстың тиімділігі де осыған байланысты болды. Ол мұнда әр қатысушыға қатысты ұжымдық сарапшы ретінде ғана емес, сонымен қатар олардың кәсіби қызметінің белгілі бір жақтарын модельдейтін жаттығулар барысында қарым-қатынас пен жеке қарым-қатынас стилін түзетеді.

Студенттердің тренинг барысында күткен нәтижелері келесі сұрақтар аясында болды:

- эмоцияларын тану;
- өздерінің және басқалардың эмоцияларын басқару;
- өзін түсінуді үйрену;
- өзін-өзі реттей алу;
- стресті жеңу;
- түрлі жағдайларға жеңіл бейімделу;
- мінез-құлқын реттеу;

- болашаққа деген нақты бағыттары мен мақсаттарын қалыптастыру.

Студенттердің сұранысы тренинг мазмұнымен ұштасты. Олардың сұраныстары эмоционалды икемділікті дамыту мақсатын жүзеге асырудың негізі болды. Бұл арқылы болашақ психологтардың эмоционалды икемді болуға деген түсініктерінің және мотивацияларының бар екендігі көрінді.


Тренинг барысында қолданылған әдістер мен техникалар әр студентке түсінікті болуы ескерілді. Олардың тренинг барысындағы көңіл күйі, ойларының жинақы болып басқа нәрсеге бөлінбеуі, әр талқыланған мәселені, айтылған жеке проблемаларды аудиториядан тыс шығармау талаптары ескерілді. Осымен қатар эмоционалды икемділікті дамытуға бағытталған тренингтер мазмұнының ашылуы және ондағы әдіс-тәсілдерді бекіту, дұрыс қабылдап үй тапсырмасы ретінде қолдану шарттары негізге алынды.

Біздің ойымызша, тренингтің сәттілігін анықтайтын негізгі принциптерден басқа, қатысушылардың ерекшеліктерін, бірлескен жұмыс процесінде өзара байланыс пен өзара әрекеттесуді көрсететін принциптерді сақтау аса маңызды. Оларға тренингке қатысудың еріктілігі мен құпиялылығы, позициялардың теңдігі және әр адамның жеке нормаларын тану, қатысушылардың қауіпсіздігі және олардың дәрежеліктен қорғалуы, қатысушылардың өзара қолдауын мақұлдау және коммуникациялардың «экологиялық тазалығы», интеллектуалды және эмоционалды тәуекелділік, рөлдік тактиканың икемділігі және басқалары жатады.

Эмоционалды икемділікті дамытуда тренингтің негізгі әдістерін қолдану маңызды рөлді атқарады. Осы орайда, біз жоғарыда аталған психологиялық әсер ету міндеттерін жүзеге асыруға ең қолайлы әдістер мен жаттығуларды мұқият таңдап алдық. Ойын жаттығулары жүйесінде басқа жүргізушілердің тәжірибесінде бар жаттығуларды қолдандық және жаңа тренингтік жаттығуларды практикалық жұмыстарымыз негізінде толықтырдық. Тренингті өткізуге дайындық барысында, басты талап ең алдымен эмоционалды икемділікке және мінез-құлыққа, іс-әрекетіне әсер ететін әдістер мен техникаларды тиімді қолдану болды.

Бағдарлама бойынша жұмыс барысында біз дәстүрлі түрде топтық және жеке жұмыстың әртүрлі формаларында қолданылатын оқыту формаларын, әдістер мен тәсілдерді біріктірудің дұрыс екендігі туралы қорытындыға келдік.

Тренинг сағаттары: 20 сағат, 10 тренингтен құрылды, олар төмендегі суретте ұсынылған 3 модуль атауына сай бөлінді.



Сурет 4 – Эмоционалды икемділікті дамыту модулі

Модуль 1. Когнитивті компонент арқылы болашақ психолог студенттердің эмоционалды икемділігімен жұмыс жасауда ол берілетін тапсырмалардың шешімін табуда маңызды орын алады. Бұл модульде студенттер когнитивті компоненттер арқылы өзіндік қорқыныштарын түсінуді, басқа адамдардың эмоционалды қобалжу ерекшеліктерін, эмоционалды күйімен қобалжуларын тани білуді, басқа адамдармен әрекет жасауды, жанашырлық танытуды, сондай-ақ әлеуметтік мінез-құлықты, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуді құруға мүмкіндік беретін өзінің және басқа адамдардың эмоционалды реакцияларын түсіну мен басқару дағдыларын қалыптастырады. Модульде когнитивті тұрғыда жұмыс жасау арқылы олар қарым-қатынас барысында жоғарыда қамтылған компоненттерді практикалық тұрғыда жүзеге асырады.

Модуль міндеттері:

- Өзінің жеке ойын, көзқарасын, түсініктерін қалыптастыру;
- Өзінің және басқалардың эмоцияларын тану және оларға сипаттама беру;
- Өзінің және басқалардың эмоцияларын қабылдау және басқару түсіну, тану, дағдыларын дамыту.
- Осы қасиеттер арасындағы ішкі қатынастарды анықтау (студенттердің эмоционалды икемділігінің құрылымын анықтау);
- Әр түрлі өмірлік жағдайларда эмоционалды икемділікті қолдануды білу.

Модуль 2. Аталған модуль реттеуші компонент арқылы өзін-өзі реттеуге бағытталған. Реттеуші модуль қатысушыларға өздерінің эмоционалды сигналдарымен, жағдайға байланысты таңдау жасауымен, жағымды эмоция қалыптастыра білумен, өзін-өзі басқарумен қатар түрлі өзгерістерге бейімделуді үйретеді. Өз тәжірибелеріне сүйеніп, жұмыс жасау арқылы эмоционалды күйді реттеу дағдыларын қалыптастырады.

Уақыт бойынша дамып келе жатқан эмоционалды жауаптың әртүрлі кезеңдеріне сәйкес келетін реттеуші стратегиялардан тұратын эмоционалды өзін-өзі реттеуді қамтиды: 1) жағдайды таңдау; өз сезімдері мен тәжірибелерін түсіну және түсіндіру қабілетін дамыту; 2) жағдайдың модификациясы; 3) зейінді ауыстыру; 4) танымды өзгерту; 5) жауапты өзгерту. Жағымсыз эмоцияларды өзгерту, стресске қарсы мінез-құлық әдістері туралы біліп, оларды өмірде қолдану.

Модуль міндеттері:

- Өзін-өзі реттеу туралы түсініктерін кеңейту;
- Өзін-өзі реттеуге бағытталған жаттығулармен жұмыс жасау;
- Қиын жағдайда өзін-өзі психологиялық тұрғыда реттеу;
- Өзін-өзі реттеудің әдіс-тәсілдерін меңгеру.

Модуль 3. Мінез - құлық компонентін қамтитын модульде стресті жеңудегі аффективті қобалжуларды реттеу процесіндегі когнитивті стратегияларды жүзеге асырады. Копинг-стратегия құруды, стрестік жағдайды жеңуді және оны шешуді үйренеді. Бұл модульдегі тренинг нәтижесі стресті жеңуге және өзінің «Мен» бейнесін қалыптастыруға бағытталған.

Модульдің міндеттері:

- Стресс белгілерін тану;
- Копинг – мінез-құлық стратегиясын құру;
- Стресті тиімді басқару тәсілдерін меңгеру;
- Стресті жеңудегі аффективті қобалжуларды реттеу;
- Өзін, сезімдерімен күйлерін, ішкі диалогты басқаруды үйрену;
- Түрлі стрестік жағдай мен эмоцияларды бағалау;
- Ішкі сезімдермен жұмыс жасау.

Психологиялық тренинг құрылымы:

1. Сәлемдесу.
2. Тақырыпқа кіріспе.
3. Негізгі жаттығулар мен ойындар.
4. Қорытынды кезең.
5. Рефлексия.
6. Кесте- тақырыптық жоспар

Сәлемдесу – бұл бірлескен жұмыс үшін өзіндік «көңіл-күй», сабақтың жалпы жағымды эмоционалды күйін құруға ықпал етеді. Топтық және метафоралық тапсырмалар арқылы эмоционалды аймаққа енеді, бұл сенімді, мейірімді атмосфераны құруға ықпал етеді.

Негізгі жаттығулар болашақ психологтардың эмоционалды икемділігімен жұмыс жасауына, өзінің және өзгелердің эмоцияларын түсінуге, қабылдауға,

басқаруға өз эмоцияларын танып, түрлі жағдайларға оңай бейімделуге көмектеседі. Әр тақырып мазмұнына сай іріктелген жаттығулар болашақ психологтардың эмоционалды икемділіктерін дамытуға және дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Әр бөлімнен кейін студенттерге алған білімдерін түсінуге, тақырып барысында туындаған түсініксіз сұрақтарды нақтылауға көмектесетін «рефлексия». Рефлексияға арналған сұрақтар әмбебап болып табылады: «сабақ барысында не алдыңыз?», «сіз өз өміріңізде қандай білім, дағдыларды қолданасыз?», сонымен қатар тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылып отырады. Сұрақ қою барысында әр студенттің жауабына мән беріледі, олардың эмоционалды күйі, алған мәліметті меңгерулері және қажетті дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылды. Рефлексия соңында үй тапсырмасы беріледі, онда студенттер алғашқы тренингте бастаған күнделіктерін келесі сұрақтар арқылы толықтырады: мен білемін, мен үшін жаңа нәрсе болды, мен орындаймын және қабылдаймын, мен үшін орындау қиын.

Болашақ психологтардың эмоционалды икемді болуымен оны қалыптастырудың жолдары оқу процесіндегі пәндердің мазмұнымен тығыз байланысады, сонымен қатар психологиялық тренингтер мен жаттығулар да маңызды рөлді атқаруда [124].

Студенттердің оқу іс-әрекетінің нақты эмоцияларының сипаттамасымен және оларды тану технологиясының негіздерімен таныстыру, эмоционалды реттеудің әртүрлі әдістерін қолдану техникасын игеру жұмыс барысында жүзеге асырылды.

Мысалы:

1. Жаттығу. «Эмоцияларыңызды бояу» жаттығуы барысында Роберт Плутчиктің дөңгелегі әдісіне негізделіп, кез-келген үш эмоцияны таңдайды. Әр эмоцияға байланысты бояудың үш түсі мен үш эмоцияны таңдау ұсынылады. Енді олар эмоциямен байланысты кез-келген кескінді бояу арқылы сурет салу ұсынылады. Кескіндерді бояу барысында оның қарқындылығы жоғары немесе төмен болуы ол таңдаған эмоциясына байланысты жүргізіледі.

2. Үй тапсырмасы: тренингке арналған күнделікке тренингтегі ақпарат бойынша талдау жасау

Мен білемін	Мен үшін жаңа нәрсе болды	Мен орындаймын және қабылдаймын	Мен үшін орындау қиын
-------------	---------------------------	---------------------------------	-----------------------

3. Әдістеме: «Су тереңдігінде» (күйлердің субъективтілігімен, шағылысуымен, икемділігімен жұмыс). Сіз өзіңізге ыңғайлы болып көрінетін кез келген орынды ала аласыз (сабаққа қатысушылар кеңістікте орналасады). Мүмкіндігінше ыңғайлы болу үшін қатысушыларға отыруға немесе жатуға болады. Қолдарыңызды, аяқтарыңызды, денеңізді, мойныңызды сезініңіз. Енді біз өз сезімдерімізді іздеп саяхатқа шығуға тырысамыз. Қандай күйде болсаңыз да көзіңізді ашпауға тырысыңыз. Мүмкін қатысушыларға аздап ыңғайсыз болуы мүмкін. Бұл әдістеме барысында студенттерге арнайы нұсқаулықтар бойынша визуалды тапсырмалар беріледі де соңынан өңделу барысын талдауда,

олар өздерінің эмоционалды икемділігінің деңгейіне сипаттама жасайды және оны өмірде қалай қолданытынын біледі.

Кестемен жұмыс

Эмоционалды триггерлер

Жағдай	Эмоц. триггер №1	Эмоция №1	Эмоц. триггер №2	Эмоция №2	Эмоц. триггер №3	Эмоция №3

Мысалы

Жағдай	Эмоц. триггер №1	Эмоция №1	Эмоц. триггер №2	Эмоция №2	Эмоц. триггер №3	Эмоция №3
Мейрамхана да нашар қызмет көрсету	нашар қызмет көрсету бұл мені құрметтемеу	тітіркену ашу	нашар қызмет көрсету бұл мейрамханада менеджменттің нашар болуы	қызығушылық, таңдану	даяшылардың жұмыстары ауыр, табыстары аз олар шаршайды оларға жанашырлық қажет	эмпатия, қабылдау

Сіздің эмоционалды триггерлеріңізді білу эмоционалды таңдау жасауға мүмкіндік береді. Триггерлерді білмей, саналы таңдау жасау мүмкін емес. Біздің эмоцияларымыз оларды тудырған жағдайға сәйкес болуы керек және өрнек түрінде сындарлы болуы керек. Олар сізге де, олар бағытталған адамдарға да зиян тигізбеуі керек.

5. АРТ-терапия техникасы «Эмоцияны бейнеле» саз балшық терапиясы - бұл тұлғаның өзіндік ішкі жан дүниесімен жұмыс жасаудың жұмсақ, әрі терең әдісі. Бұл тренинг жағымсыз эмоциялардан шаршаған және тыныштықты қалпына келтіргісі келетіндерге арналған.

6. Ойлар аукционы: «Мен өзімнің жаман көңіл-күйіммен қалай күресемін?» Жағымсыз көңіл-күйді жеңудің жеке стратегияларын талқылау. Бұл аукцион барысында берілген сұраққа жауап бағаланады, осы арқылы әр қатысушы өз пікірінің маңызды және қажет екендігін біледі.

7. Миға шабуыл «Эмоциялар құдығы»

Эмоцияларыңыз бен жұмыс істегенде, оларды шығару өте маңызды. Басында біз құдықты ауа-райына толтырдық, енді оны эмоцияларымызбен толтырамыз. Бұл арқылы қатысушылар берілген тапсырмаға жауап іздейді, ой елегінен өткізеді, өздерінің мүмкін болатын шешімдерін ұсынады.

Күтілетін нәтижелер.

1) эмоционалды экспрессия, өзін-өзі реттеу, стресске төзімділік, копинг-стратегия, эмоционалды икемділік саласындағы негізгі ұғымдарды қалыптастыру;

2) өз эмоцияларын және айналасындағылардың эмоцияларын түсіну, қабылдау және басқара білу дағдыларын дамыту;

3) эмпатия, басқа адамдардың тәжірибесін, жағдайын түсіну қабілетін дамыту;

4) өзінің мінез-құлқын, эмоционалды жай-күйін реттеуді ерікті басқару дағдыларын дамыту, шамадан тыс жұмыс істеудің және жұмыс қабілеттілігін төмендетудің алдын алу;

Модульдердің тақырыптары мен қысқаша мазмұны (3 кестеде көрсетілген)

Кесте 3 – Тренинг сабақтарының тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	сағ	Мақсаты	Мазмұны	Ұйымдастыру формасы
1	2	3	4	5	6
<i>Модуль 1. Когнитивті компонент</i>					
1	Менің эмоцияларым	2	Өз сезімдері мен эмоцияларын білдіру, эмоционалды күйін көрсету дағдысын арттыру.	«Эмоционалды қажеттілікті анықтау және қанағаттандыру». «Эмоцияларды бояу».	топтық пікірталас ойын, жаттығулар, арт-терапия техникалары әдебиет [125,126,134].
2	Эмоционалды икемділік көрінісі	2	Эмоционалды икемділік туралы ақпарат беру және оның көрінісін әр қатысушы өз сезімдері арқылы анықтау және дамыту.	«Эмоциялар құдығы». «Эмоциялар ағашы». «Су тереңдігінде».	case-study; топтық талқылау; әдебиет [126,127,128,131].
3	Эмоциялар және сезімдер	2	Сезімдермен жұмыс жасау арқылы өздерінің эмоцияларын тану және ондағы кедергілерді жою.	«Адам денесі». «Эмоционалды триггерлер». «Эмоционалды резервуар». «Эмоциялар құмырасы». «Эмоция сигналы». «Эмоциялар бейнесі».	топтық талқылау, метафоралық карталармен жұмыс, кестемен жұмыс, сурет салу. әдебиет [123,124,126,128,129,130].
<i>Модуль 2. Реттеуші компонент</i>					
1	«Эмоционалды күйді реттеу»	2	Өзін-өзі реттеудің негізгі ұғымдарын қарастыру, эмоционалды жағдайды реттеу, өзін-өзі реттеу тәсілдерін игерту.	«Вербальды емес қарым – қатынас». «Эмоцияны бейнелеу».	топтық талқылау, арт-терапия техникалары әдебиет [124,125,132,135].
2	«Өзін-өзі реттеу және қиындықты жеңу»	2	Барлық оқиғаларға неғұрлым икемді қарауға, ондағы жағымды және жағымсыз элементтерді іздеуге, дұрыс шешім қабылдауға үйрету.	«Қосу және азайту». «Жағымды және жағымсыз жағдайлар». «Ішкі кино». «Өзімді жақсы сезінетін жер»	case-study; топтық талқылау; суретпен жұмыс. әдебиет [133,137,138].

3-кестенің жалғасы

3	Эмоционалды өзін-өзі реттеу және басқару	2	Өзінің көңіл-күйін басқаруға және ерікті түрде реттеуге деген ұмтылысты ояту; көңіл-күйді реттеудің қарапайым әдістерін қолданудың дағдыларына үйрету; ашуланшақтық, жаман көңіл-күймен күресуге деген мотивацияны қалыптастыру.	«Эмоциялар үйі». «Кемпірқосақ пен жоғарыға». «Якорь». «Идеялар аукционы».	топтық талқылау, топтық пікірталас ойын, жаттығулар case-study. әдебиет [132,140,141,142].
<i>Модуль -3 Мінез -құлық компоненті</i>					
1	Өзіне жету жолында	2	Үлестірме материалдардың, жаттығулардың және пікірталастардың көмегімен тренингке қатысушылар өздерінің қазір кім болғанын түсіну үшін өмір жолының өткен кезеңдеріне шолу жасату.	«Осында және қазір». Жаттығулар: «Өмірбаяндық реприз». «Өткенге медитациялық оралу». «Менің өмір жолымның маңызды кезеңдері».	пікірталас, топтық жұмыс, кестемен жұмыс, әдебиет [124,127,130,132].
2	Стрестің көрінуі және оны жеңу	2	Қатысушылардың алған білімдері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға ынталандыруды арттыру.	«Уақыт шеңберлері», «Сртесс деңгейі». «Топтық пікірталас». «Мен стресті жеңемін»; «Кедергіні жою».	Ақпаратты талқылау, тест, топтық пікірталас, арт-терапия техникалары әдебиет [124,128,130,132].
3	Копинг – мінез-құлық стратегиясы	2	Копинг-мінез-құлық стратегиясы арқылы стресске төзімділікті жетілдіру.	«Уақыт шеңберлері». «Топтық пікірталас». «Ақпараттық материалды талқылау»; «Копинг-стратегия»	топтық пікірталас, топтық талқылау; арт-терапия техникалары, ойын, жұптық Фидбэк (кері байланыс) әдебиет [122,134,130,136].
4	«Мен бұл мен»	2	Барлық модульдер бойынша қорытынды жасап эмоционалды икемділікті өз-өзімен жұмыс жасауда және болашақ мақсаттарын жүзеге асыруда қолдану дағдыларын арттыру.	«Болашақтан не күтемін...», «Жеке мақсаттар каталогы».	кестемен жұмыс, топтық талқылау, жаттығу, ойын, Фидбэк (кері байланыс). әдебиет [122,130,132,139].

Психологтардың эмоционалды икемділігін дамытуға бағытталған кешенді бағдарламаға қорытынды.

Эмоционалды икемділікті дамытудың кешенді бағдарламасы құрылған мақсат, міндеттеріне байланысты жүзеге асырылды. Мұнда студенттердің эмоционалды икемділік туралы түсініктері мен ғылыми-теориялық білімдері қалыптасады; эмоционалды икемділіктің болашақ кәсіпке қажеттілігі туралы көзқарастары артады; эмоционалды икемділікке бағытталған практикалық жұмыстар негізінде эмоционалды икемді болу дағдылары дамиды; эмоционалды икемділіктің даму деңгейі арнайы әзірленген анкета сұрақтары арқылы анықталып талданады.

Екінші тарау бойынша қорытынды

1. Университетте білім беру процесінде студенттердің эмоционалды икемділігін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық талаптар мен факторлары анықталды. Психологиялық - педагогикалық талаптар университеттік білім беру жүйесіне тиімді әсер етеді. Психологиялық - педагогикалық талаптарды бірнеше ғылыми еңбектерде сипатталған тұжырымдарға сай қарастырдық және ондағы жағдайларды ескере отырып, біз эмоционалды икемділікті дамытудың маңызды психологиялық-педагогикалық талаптарын атап өттік: эмоционалды икемділікті дамыту процесінде студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау, эмоционалды икемділікті дамыту процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, қолайлы психологиялық ахуал құру және білім берудің барлық субъектілері арасында сенімді жағдай жасау; арнайы курс шеңберінде студенттерді ақпараттандыру; тренингтік жаттығулар кешенін логикалық дәйекті енгізу; психолог студенттің оқу-танымдық іс-әрекетін кәсіби іс-әрекетке трансформациялау негізінде дербес кәсіби қызметке дәйекті, үздіксіз және жүйелі жақындауы, психоэмоционалды жағдайдың рефлексиясы, студенттердің эмоционалды икемділігі туралы қажеттіліктер мен түсініктер. Осымен қатар болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамыту процесінің факторлары да көрсетілді.

2. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытатын тұтас, интеграцияланған, байланысты блоктарды қамтитын құрылымдық-мазмұндық модель құрылды. Модельде: мақсатты, теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-құрылымдық, дамытушы-диагностикалық, нәтижелі блоктарды қамтыды. Әр блок өзара байланысты және эмоционалды икемділікті дамытатын жұмыс мазмұнын ашады. Нәтижесінде өзгермелі жағдайларға және эмоционалды күйлерге оңтайлы бейімделуге, оларды қарсылықсыз қабылдауға және тиімді басқара білетін эмоционалды икемділігі бар психолог даярлау.

3. Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін дамытатын кешенді бағдарлама құрылды. Кешенді бағдарлама екі бөлімнен тұрады: теориялық және практикалық. Теориялық бөлімде «Психологтардың эмоционалды икемділігі» атты арнайы курс; практикалық бөлім «Эмоционалды икемділікті дамыту» тренингі. Теориялық бөлім студенттердің білімін дамытса, практикалық бөлім барысында студенттер құрылған 3 модуль негізінде когнитивті, реттеуші, мінез-құлық компоненттер арқылы эмоционалды икемділіктерін дамытуға мүмкіндік береді.

3 БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИКЕМДІЛІКТІҢ ДАМУЫН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ

3.1 Эксперименттік зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу процедурасы

Теориялық және эксперименттік зерттеулердің тәжірибесін жүйелеу эмоционалды икемділік мәселелерін анықтауға мүмкіндік берді. Эмоционалды - икемділік болашақ психологтардың кәсіби қызметінің ерекшеліктерімен анықталып, құрылымдық-мазмұнды және деңгейлік сипаттамаларға сәйкес, оқу-кәсіптік іс-әрекеттің әсерінен қалыптасып, дамиды. Бұл эмоционалды икемділік мәселесін теориялық және практикалық тұрғыда зерттеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу мақсаты: болашақ психологтардың эмоционалды икемділігін анықтау.

Анықтаушы эксперименттің міндеттері:

1. Эмоционалды икемділіктің құрылымдық-мазмұндық сипаттамасын зерттеу.
2. Болашақ психологтарда эмоционалды икемділіктің ерекшеліктерін эксперименталды түрде анықтау.
3. Болашақ психологтарға арналған эмоционалды икемділікті дамытудың кешенді бағдарламасын құру және енгізу.

Эксперименттік жұмыс Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінде («Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесі) жүргізілді.

Барлық респонденттер саны 192, олар 1-4 курс «Психология» білім беру бағдарламасының студенттері.

Іріктеуді қалыптастыру стратегиясы ретінде топтардың рандомизациясы қолданылды. Зерттеуге қатысуда еркіндік қағидаты іске асырылды, бұл мотивациялық бұрмалануды төмендетуге мүмкіндік берді. Қатысушыларға нәтижелердің құпиялылығын сақтауға және нәтижелер бойынша кері байланыс беруге кепілдік берілді.

Нұсқаулық барысында зерттеуге қатысушыларға жұмыс кезінде бұркеншік атты қолдануға болатын бірқатар сауалнамалар ұсынылатыны хабарланды. Әдістемелермен жұмыс аяқталғаннан кейін қатысушылардан шынайы жауаптар беру қиын болған жағдайда өз хаттамаларын өткізбеу сұралды. Осылайша, эмпирикалық деректерді жинау жөніндегі нұсқаулық пен жауаптардың сенімділік деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін факторлардың әсерін теңестіру көзделді.

Жұмыстың міндеттеріне сәйкес әртүрлі зерттеу әдістері қолданылды, атап айтқанда:

